



Haileybury Almaty

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қорғау жөніндегі саясат

Жаңарту күні:

2026 жылғы тамыз

Күшіне енген күні:

2026 жылғы тамыз

Жоғары басшылықпен бекітілді

2026 жылғы тамыз

Қамқоршылық кеңесімен бекітілді

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы:

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне жауапты

қамқоршы:

Мектеп директоры:

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті тұлға:

МАЗМҰНЫ

1. Негізгі байланыс ақпараты
2. Саясаттың негізгі қағидалары мен ережелері
3. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнама мен нұсқаулықтар
4. Балаларды қорғау рәсімдері
5. Әйел жыныс мүшелерінің зақымдануының алдын алу міндеті (FGM)
6. Рөлдер мен жауапкершіліктер
7. Үздік тәжірибе нұсқаулары және қызметкерлердің әдеп кодексі
8. Сенімді асыра пайдалану
9. Осал болуы мүмкін балалар
10. Мектепке келмейтін балалар
11. Балаларға өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектесу
12. Балаларды қорғау мәселелерімен айналысатындарға қолдау көрсету
13. Шағымдарды қарау тәртібі
14. Қызметкердің әріптесіне қатысты алаңдаушылығы туындаған жағдайда
15. Қызметкерлерге қатысты айыптаулар
16. Қызметкерлерді оқыту
17. Қауіпсіз жалдау
18. Мектеп аумағындағы қауіпсіздік
19. Мектеп нысандарын үшінші тұлғалардың пайдалануы және мектеп аумағынан тыс іс-шараларды ұйымдастыру
20. Фотосуреттер мен бейнелер
21. Интернеттегі қауіпсіздік және оқыту

Қосымша

Ата-аналарға арналған ақпарат

**Қызметкерлердің назарын аудару үшін соңғы өзгерістер ерекшеленіп көрсетілген*

1. НЕГІЗГІ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мектептегі байланыс тұлғалары	
Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тағайындалған жауапты тұлғалар (DSL)	Саймон Миллс Мектеп директоры smills@haileyburyalmaty.kz Даршак Пандья Директордың орынбасары (жоғары мектеп) dpandya@haileyburyalmaty.kz
Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тағайындалған жауапты тұлғалардың орынбасарлары (DDSL)	Клэр бойл Бастауыш мектептің кезең жетекшісі cboyle@haileyburyalmaty.kz Ашима Шривастава Жоғары мектеп информатика бөлімінің жетекшісі ashrivastava@haileyburyalmaty.kz Элизабет Киртон Директордың тәрбие ісі жөніндегі көмекшісі ekirton@haileyburyalmaty.kz Мэттью Хант-Браун Бастауыш мектеп директоры mhunt-brown@haileyburyalmaty.kz Луиз Кук Бастауыш мектеп мұғалімі lcooke@haileyburyalmaty.kz Даниэл Скотт Бастауыш мектеп директорының орынбасары dscott1@haileyburyalmaty.kz Шынар Садықова Жоғары мектептің әкімшілік қызметкері ssadykova@haileyburyalmaty.kz Дина Амангельдиева Әкімшілік қолдау көрсету жөніндегі қызметкер damangeldiyeva@haileyburyalmaty.kz
Интернеттегі қауіпсіздік жөніндегі маман	Ашима Шривастава Жоғары мектептің информатика пәні бөлімінің жетекшісі ashrivastava@haileyburyalmaty.kz

Сыртқы ұйымдардың байланыс деректері	
Алматы қаласының Бала құқықтарын қорғау басқармасы	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4 +7 (727) 264 0403 (жедел желі) +7 (727) 272 5037 (қабылдау бөлімі)
Балаларды қорғау жөніндегі халықаралық кеңесшілер (ICPA)	www.icpa.co.uk info@icpa.co.uk +44 (0) 7836697397
COBIS (Британдық халықаралық мектептер кеңесі): балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ресурстар мен сілтемелер	COBIS 55-56 Рассел алаңы Лондон WC1B 4HP Ұлыбритания +44 20 3826 7190 COBIS қауіпсіздікті қамтамасыз ету
Құқық қорғау органдары	102 (шұғыл қоңыраулар)
Елшіліктер/Консулдықтар	Оқушының азаматтығына байланысты тиісті елшілікке немесе консулдыққа олардың веб-сайттарында көрсетілген байланыс деректері арқылы хабарласу қажет
NSPCC (Балаларға зорлық-зомбылық көрсетудің алдын алу жөніндегі ұлттық қоғам): Ұлыбритания	+44 800 800500
БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссарының Қазақстандағы өкілдігі (UNHCR)	Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 67 +7(7272)584598 kazal@unhcr.org Қазақстан
Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті: Астана (телефон нөмірлері алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін)	www.bala-kkk.kz +8 (7172)742528 немесе 150 +8 (7172)394289
Астана қаласының Білім басқармасы	+8 (7172)550162, +8(7782)550162
«Адам құқықтары» қоғамдық қоры	+8 (7172) 255725
Полиция Бірыңғай құтқару қызметі Жедел медициналық жәрдем (телефон нөмірлері алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін)	102 112 103
Ұлыбритания елшілігінің Алматыдағы кеңсесі	Rahat Palace Hotel бизнес орталығы Сәтбаев көшесі, 29/6, 7-қабат Алматы, 050000 Қазақстан Республикасы +7 (7272) 506191 ukinkz@fco.gov.uk

2. САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ

Негізгі ережелер

- Осы саясат мектептің барлық оқушыларына қолданылады және БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына сәйкес келеді. Заңнамаға сәйкес, сыртқы ұйымдар 18 жасқа толған және одан асқан оқушыларға өзгеше, яғни ересек тұлғалар ретінде қарауы мүмкін. Осы саясаттың мақсаттары үшін 18 жасқа толмаған кез келген оқушы бала болып есептеледі.
- Осы саясатты іске асыруға барлық қызметкерлер жауапты.
- Мектеп директоры мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тағайындалған жауапты тұлға (DSL) мектептегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және интернеттегі қауіпсіздікке қатысты барлық алаңдаушылықтар мен мәселелерді бақылауға жауапты.
- Барлық қызметкерлер арнайы даярлықтан өткен DSL және DDSL тұлғаларының кім екенін білуге тиіс.
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және/немесе оларды қорғауға қатысты кез келген алаңдаушылық туралы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тағайындалған жауапты тұлғаға (DSL), ал ол болмаған жағдайда оның орынбасарына (DDSL) дереу хабарлау қажет.
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және/немесе оларды қорғауға қатысты кез келген алаңдаушылық туралы Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комитетке MyConcern жүйесі арқылы немесе, кем дегенде, жеке хабарлау қажет. Шұғыл алаңдаушылықтарды жүйеде тиісті түрде белгілеуге болады. Бұл жедел әрекет ету қажеттігін көрсетеді.

Қызметкерлер Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комитеттің құрамына кірмейтін қызметкерге (оның ішінде тәрбие жұмысы жөніндегі командаға және/немесе мектеп басшылығының (SLT) мүшесіне) бірден хабарламауға тиіс. Көп жағдайда тиісті жағдайға әрекет ету барысында ескерілуі қажет, алайда Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комитеттен тыс тұлғаларға жарияланбаған қосымша мән-жайлар болуы мүмкін. Сондықтан тапсырма берілгенге дейін қандай да бір қосымша әрекет жасауға болмайды.

Қалыпты жағдайда әкімшілік мәселелерге жауапты DDSL жағдайды бастапқы бағалаудан өткізіп, оған жауапты тұлғаны төмендегі тәртіппен тағайындайды:

- шұғыл жағдайлар (немесе қандай да бір себеппен тәуекел деңгейі жоғары оқушыға қатысты жағдайлар): Даршак Пандья немесе Саймон Миллс;
- Reception сыныбы мен 1-негізгі кезеңге жауапты DDSL;
- 2-негізгі кезеңге жауапты DDSL;
- Жоғары мектепке жауапты DDSL.

Егер жағдайдың тәуекел деңгейі жоғары болып көрінсе, мәселе мектептің әртүрлі бөлімдерінде оқитын бір отбасының балаларына қатысты болса немесе жағдай шиеленісіп, одан әрі өрбіп жатса, қызметкерлер бұл туралы Даршак Пандья немесе Саймон Миллске хабарлай алады. Бұдан кейін тағайындалған қызметкер тиісті әрекеттерді өзі үйлестіре алады немесе қажеттілік деңгейіне қарай Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комитет құрамына кірмейтін ең қолайлы қызметкерді таңдай алады.

- Жауапты тұлға тағайындалғаннан кейін ол көтерілген мәселенің тиісті түрде қаралуын және қажет болған жағдайда міндеттердің белгіленуін қамтамасыз етуге жауапты. Міндет белгіленген кезде тиісті мәселе бойынша жауапкершілік сол міндетті орындауға жауапты қызметкерге жүктеледі. Жауапты тұлғаның келесі қадамдарға уақтылы көшуі үшін белгіленген мерзімдерді сақтау қажет.

- Егер қылмыс жасалған болса, бұл туралы DSL-ге немесе мектеп директорына дереу хабарлау қажет, содан кейін олар полицияға хабарлайды.
- Барлық қызметкерлер Ұлыбританияның Білім департаменті (DfE) әзірлеген 2026 жылғы «Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (KCSIE) міндетті нұсқаулығының бірінші бөлімі мен А қосымшасын оқып, соларға сәйкес әрекет етуге тиіс. Осы саясат соңғы ұсынымдарға сәйкес әзірленгенімен, мектептің өзі орналасқан мәдени және ұлттық орта аясында жұмыс істеуіне мүмкіндік беру үшін онда *жергілікті жағдайлардың ескерілуі* маңызды.

Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (DfE, 2026 жылғы қыркүйек)

- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды қорғауға қатысты барлық мәселелер қатаң құпия сақталуға тиіс.
- DSL немесе DDSL барлық алаңдаушылықтар туралы Қазақстан Республикасының талаптарына, сондай-ақ Ұлыбританияда және COBIS секілді ұйымдар белгілеген озық тәжірибеге сәйкес хабарлауға тиіс.
- Ересек тұлғаларға қатысты зорлық-зомбылық көрсету жөніндегі кез келген айыптауға әрекет ету үдерісін Haileybury Almaty мектебінің «Қызметкерлерге қатысты зорлық-зомбылық көрсету жөніндегі айыптаулар туралы» саясаты мен рәсімдеріне сәйкес мектеп директоры, Қамқоршылар кеңесінің төрағасы және/немесе DSL қадағалайды.

Кіріспе

Haileybury Almaty балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және олардың әл-ауқатын қолдауға міндеттенеді әрі барлық қызметкерлерден және мектеппен байланысты тұлғалардан осы міндеттемені ұстануды күтеді.

Осы саясат мектеп аумағында немесе мектептен тыс өткізілетін іс-шаралар, сапарлар не басқа да білім беру қызметі барысында оқушылармен жұмыс істейтін қызметкерлерге, еріктілерге, тағылымдамадан өтушілерге, педагогикалық практикадан өтуші мұғалімдерге және мердігерлерге қолданылады.

Осылайша, бұл саясат басқа да бірқатар саясаттарды (мысалы, шағымдарға, мінез-құлыққа, сапарларға, денсаулық пен қауіпсіздікке қатысты саясаттарды) толықтырып, олардың іске асырылуын қолдайды. Мектеп кез келген даму немесе жоспарлау жұмыстарын жүзеге асыру кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету аспектілерін ескереді. Мектептегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары Қазақстанның білім беру саласындағы уәкілетті органдары, COBIS және FOBISIA секілді танылған аккредиттеу органдарының стандарттарына сәйкес тексеріледі.

Мектептің балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы негізгі қағидалары:

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың әл-ауқатын қолдау жөніндегі мектеп жауапкершілігі аса маңызды;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – әркімнің міндеті. Балалармен және олардың отбасыларымен байланысқа түсетін әрбір адам балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде белгілі бір рөл атқарады;
- балаларды және жергілікті әрі ұлттық қауымдастықтың барлық мүшелерін тыңдау қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бөлігі болып табылады және әр баланың мүддесіне сай келеді;
- Haileybury Almaty мәселелер туралы ашық айту мәдениетін қолдайды және қандай да бір жағдайды көрсеніз немесе сезсеніз, бұл туралы міндетті түрде хабарлау қажет деген қағиданы ұстанады. Ешбір алаңдаушылық елеусіз деп саналмайды. Алаңдаушылықтар ерте кезеңде айтылса, қажетті көмекті де дер кезінде көрсетуге болады;
- балаға көмек қажет болуы мүмкін екенін ерте анықтау өте маңызды және мәселелер туралы ашық айту мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты барлық қызметкерлер «мұндай жағдай біздің мектепте де орын алуы мүмкін» деген ұстанымды басшылыққа алуға тиіс;

- қауіпсіздігі қамтамасыз етілген балалар оқуда жоғары нәтижелерге қол жеткізеді;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатын әзірлеуге және қайта қарауға мектеп қауымдастығының өкілдері, оның ішінде жергілікті және шетелдік қызметкерлер қатысады;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі және онымен байланысты саясаттар жыл сайын қайта қаралады. Алайда қандай да бір оқиға, жаңа заңнама (Қазақстанның немесе Ұлыбританияның) не нұсқаулық аралық қайта қарау қажеттігін көрсетсе, саясат белгіленген мерзімнен бұрын қайта қаралады.

Терминология

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың әл-ауқатын қолдау – балаларды қатыгез қарым-қатынастан қорғау, олардың денсаулығына немесе дамуына зиян келуінің алдын алу, балалардың қауіпсіз әрі тиімді күтім көрсетілетін жағдайда өсуін қамтамасыз ету және барлық балалардың ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін шараларды қабылдау үдерісі.

Балаларды қорғау – елеулі зиян шегіп жүргені немесе осындай зиян келу қаупі бар екені анықталған балаларды қорғау мақсатында жүзеге асырылатын шаралар мен рәсімдер.

Қызметкерлер – мектепте немесе мектеп атынан толық не толық емес жұмыс уақытында еңбек ететін барлық тұлғалар, оның ішінде тазалық қызметкерлері мен асхана қызметкерлері секілді шарт негізінде жұмыс істейтін қызметкерлер, сондай-ақ ақылы немесе ерікті негізде уақытша не тұрақты жұмыс істейтін тұлғалар.

Бала – 18 жасқа толмаған кез келген тұлға. Қамқорлығымыздағы оқушылардың әл-ауқатын, денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндетіміз 18 жасқа толғанына немесе толмағанына қарамастан, **барлық** оқушыларға қолданылады.

Ата-ана – туған ата-аналар және бала тәрбиесіне жауапты өзге де ересек тұлғалар, мысалы, өгей ата-аналар, қамқоршылар, патронат тәрбиешілер және асырап алушы ата-аналар.

Осы саясатта «**міндетті**» және «**қажет**» терминдері нақты белгіленген мағынада қолданылады. «**Міндетті**» термині тиісті тұлға заңнамаға сәйкес белгілі бір әрекетті орындауға міндетті болған жағдайда қолданылады. Ал «**қажет**» термині оны орындамауға негізді себеп болмаса, берілген ұсынымды орындау қажет болған жағдайда қолданылады.

Haileybury Almaty мектебіндегі қауіпсіздік ережелері



Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

- оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- балаға қатысты алаңдаушылықтар немесе айыптаулар туралы тиісті органдарға жедел хабарлау;
- буллингке қарсы іс-шаралар;
- зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің алдын алуға және/немесе оларды тоқтатуға бағытталған іс-шаралар;
- қудалау мен кемсітушіліктің алдын алуға және/немесе оларды тоқтатуға бағытталған іс-шаралар;
- физикалық араласуды қолдану;
- медициналық жағдайлары бар оқушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- алғашқы көмек көрсету;
- есірткі құралдары мен басқа да психобелсенді заттарды теріс пайдалану мәселелері;
- білім беру сапарлары;
- жеке күтім көрсету;
- интернеттегі қауіпсіздік;
- белгілі бір жергілікті аймаққа немесе халық тобына тән болуы мүмкін мәселелер, мысалы, қылмыстық топтардың әрекеті;
- мектеп қауіпсіздігі.

Балаларды қорғау туралы мәлімдеме

Haileybury Almaty Қазақстан Республикасындағы моральдық және заңнамалық жауапкершілігін, сондай-ақ барлық балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың әл-ауқатын қолдау жөніндегі халықаралық стандарттарды толық мойындайды. Біз балаларды құрметтеп, қадірлейтін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыруға ұмтыламыз. Біз зорлық-зомбылық көрсету, қараусыз қалдыру және қанау белгілеріне мұқият назар аударамыз және балалардың тиімді қолдау, қорғау мен әділдікке қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін белгіленген рәсімдерді орындаймыз.

Саясат қағидалары

Haileybury Almaty қағидалары БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясының (UNCRC) қағидаларына сәйкес келеді. Бұл қағидалардың негізінде әр баланың негізгі әрі ажырамас құқықтары бар екенін мойындау жатыр.

Оларға мынадай құқықтар жатады:

- **өмір сүру, тіршілік ету және даму құқығы;**
- **зорлық-зомбылықтан, зорлық-зомбылықтан немесе қараусыз қалудан қорғалу құқығы;**
- **балаларға өз әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік беретін білім алу құқығы;**
- **ата-анасының тәрбиесінде болу немесе олармен қарым-қатынас жасау құқығы;**
- **өз пікірін білдіру және пікірінің тыңдалуы құқығы.**

Сондықтан баланың әл-ауқаты бәрінен жоғары тұрады:

- Жасына, жынысына, қабілетіне, мәдениетіне, нәсіліне, тіліне, дініне немесе сексуалдық сәйкестігіне қарамастан, барлық балалардың қорғалуға тең құқығы бар.
- Мектеп белгілі бір қорғалатын сипаттамаларға ие оқушылар кездесетін нақты қолайсыздықтарды жою және олардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мөлшерлес екені дәлелденген арнайы оң шараларды қолдану құқығын өзіне қалдырады. Сонымен қатар мектеп мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер үшін қажетті ақылға қонымды бейімдеулерді қамтамасыз етуге жауапты және мұндай шараларды қолдану құқығын өзіне қалдырады.
- Барлық қызметкерлер балаға зиян келу қаупі бар екенін көрсетуі мүмкін кез келген күдік немесе жария етілген ақпарат бойынша әрекет етуге бірдей жауапты.
- Балаларды қорғауға қатысты мәселелерге қатысы бар балалар мен қызметкерлерге тиісті қолдау көрсетіледі.

Саясаттың мақсаттары

- Барлық қызметкерлерге балаларды қорғау жөніндегі міндеттерін орындауға қажетті ақпарат беру;
- Тиісті жұмыс тәжірибесінің жүйелі түрде қолданылуын қамтамасыз ету;
- Оқушыларға, ата-аналарға және басқа серіктестерге мектептің балаларды қорғауға бейілділігін көрсету;
- Мектептің балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі саясаттар жинағын толықтыру.

Мектептің міндеттемелері

Біздің саясатымыз сегіз негізгі элементтен тұрады:

1. Оқушылар білім алып, дами алатын қауіпсіз орта қалыптастыру; оқу бағдарламасына балалардың зорлық-зомбылықтан қорғануына қажетті дағдыларды қалыптастыратын, олардың төзімділігін арттыратын және ересек өмірдегі жауапкершілік туралы шынайы түсінік беретін іс-шаралар мен мүмкіндіктерді енгізу;
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен олардың әл-ауқатын қолдауды басқару жүйесінің мектеп қызметіне толық енгізілуін қамтамасыз ету;
3. Балаларды қорғау мәселелері туралы хабардарлықты арттыру және мектепте жұмыс істейтін қызметкерлердің, еріктілердің, тағылымдамадан өтушілердің, педагогикалық практикадан өтуші мұғалімдер мен мердігерлердің осы мәселелерді толық түсінуін әрі алаңдаушылық туындаған жағдайда қалай әрекет ету керектігін білуін қамтамасыз ету;
4. Мектептің балалармен жұмыс істейтін жаңа қызметкерлерге, еріктілерге, тағылымдамадан өтушілерге және педагогикалық практикадан өтуші мұғалімдерге қатысты барлық қажетті тексерулер мен тәуекелдерді бағалауды жүргізуін қамтамасыз ету үшін қауіпсіз жұмысқа қабылдау тәжірибесін Ұлыбританияның *«Білім беру»*

- ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (2026) нұсқаулығының талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына толық сәйкес іске асыру;*
5. Қорғауды қажет ететін немесе оң нәтижелерге қол жеткізу үшін қосымша көмекке мұқтаж оқушыларға қолдау көрсету;
 6. Қамқорлығымыздағы балаларды тыңдау және олар алаңдаған немесе қиындыққа тап болған жағдайда мектепте жүгіне алатын ересектер бар екенін білуін қамтамасыз ету; балалар өздерін қауіпсіз сезінетін, ашық сөйлесуге ынталандырылатын және пікірлері тыңдалатын орта қалыптастыру;
 7. Қызметкерлер балаға немесе ересек адамға қатысты алаңдаушылық туындаған кез келген жағдайда бұл туралы еркін хабарлай алатын, өз алаңдаушылықтары бойынша қалай және қашан әрекет ету керектігін білетін әрі қауіпсіз және тиісті түрде жұмыс істеу жолдарын түсінетін ашық мәдениет қалыптастыру;
 8. Нәсілшілдік пен кемсітушілік сипатындағы басқа да әрекеттер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттердің бір бөлігі ретінде анықталып, оларға қарсы шара қолданылатын және олар жойылатын инклюзивті, кемсітушілікке қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Құпиялылық

Haileybury Almaty балаларды қорғауға қатысты барлық мәселенің қатаң құпия екенін мойындайды. Мектеп директоры немесе балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тағайындалған жауапты тұлға ақпаратты тек қызметтік қажеттілік қағидаты бойынша ұсынады. Жекелеген тұлғаларға қатысты алаңдаушылықтар осы мақсатта өткізілетін құпия кездесулерден басқа жағдайларда мектеп ішінде де, одан тыс жерде де ешқашан талқыланбауға тиіс.

Байланысты құжаттар

- [KCSIE 2026](#)
- [Мектепке дейінгі білім берудің бастапқы кезеңіне арналған міндетті негіздемелік бағдарлама \(DfE, 2026\)](#)
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қорғау жөніндегі саясат пен нұсқаулық
- 1-қосымша. Қызметкерлердің балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі әдеп кодексі
- Әдеп кодексі
- Заң бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты
- Әлеуметтік желілерді пайдалану саясаты
- Заң бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты мен рәсімі
- Оқушыларды қадағалау саясаты
- Жоғары және Бастауыш мектептердегі сабаққа қатысу саясаты
- Ұзақ уақыт бойы және/немесе бірнеше рет білім беру үдерісіне қатыспаған балаларға қатысты саясат
- Қызметкерлерге қатысты зорлық-зомбылық көрсету жөніндегі айыптаулар туралы саясат пен рәсімдер
- Бейнебайланыс өткізу саясаты мен нұсқаулығы
- [Ақпараттық технологиялар мен цифрлық деректерге қатысты саясаттар](#)

3. БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМА МЕН НҰСҚАУЛЫҚТАР

Haileybury Almaty Қазақстан Республикасында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты барлық стандарттарды Ұлыбритания талаптары мен тиісті аккредиттеу органдарының стандарттарына сәйкес сақтауға міндеттенеді. Мектептер мен колледждердің қызметкерлері оқушылармен күнделікті қарым-қатынас жасайтындықтан, балалардың мінез-құлқындағы өзгерістер мен зорлық-зомбылық көрсетудің сыртқы белгілерін байқауға ерекше мүмкіндігі бар. Қиын жағдайға тап болған немесе қауіп төнген балалар мектептегі өздері сенетін ересек адамнан да көмек сұрауы мүмкін. Сондықтан мектеп қызметкерлерінің зорлық-зомбылық

көрсету белгілеріне мұқият болуы және өз алаңдаушылықтары туралы хабарлау рәсімдерін түсінуі аса маңызды. Мектеп анықталған алаңдаушылықтар бойынша тиісті шаралар қабылдап, жағдайдың ушығуына жол бермеу үшін ерте кезеңде көмек көрсетеді.

Ұлыбританияның заңнамасы мен нұсқаулықтары

2008 жылғы «Білім беру және дағдылар туралы» заңның 94-бөлімі Мемлекеттік хатшыдан балалардың әл-ауқатын, денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тәуелсіз білім беру ұйымдарына арналған стандарттарды белгілеуді талап етеді. Тиісті стандарттар 2014 жылғы «Білім беру саласындағы ережелерде (Тәуелсіз мектептер стандарттары)» (ISS Regulations 2014) баяндалған.

«Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» міндетті нұсқаулығы (DfE, 2026 жылғы қыркүйек) 2002 жылғы «Білім туралы» заңның 175-бөліміне, 2014 жылғы «Білім беру саласындағы ережелерге (Тәуелсіз мектептер стандарттары)» және 2015 жылғы «Мемлекет қаржыландырмайтын арнайы мектептер туралы ережелерге (Англия)» сәйкес шығарылған. Мектептер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың әл-ауқатын қолдау жөніндегі міндеттерін орындау кезінде осы нұсқаулықты ескеруге тиіс. Бұл мектептер Қазақстан Республикасының талаптарымен ықтимал қайшылықтар немесе Қазақстан мен Ұлыбританиядағы әлеуметтік қызметтер жүйесіндегі айырмашылықтар секілді айрықша жағдайлар туындамаса, осы нұсқаулық талаптарын орындауы қажет дегенді білдіреді.

Барлық қызметкерлер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі әдеп кодексіне қол қоюға міндетті. Бұл кодексте олардың KCSIE 2026 нұсқаулығының кемінде бірінші бөлігін оқып, түсінгенін растайтын тармақ қамтылған. Осы нұсқаулық Haileybury Almaty мектебінің балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесінің негізін құрайды.

2012 жылғы «Мұғалімдер стандарттарында» мұғалімдердің, оның ішінде мектеп директорларының да кәсіби міндеттерінің бір бөлігі ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуі және мұғалім мамандығына деген қоғам сенімін сақтауы қажет екені көрсетілген.

[Мұғалімдер стандарттары](#)

«Балалардың қауіпсіздігін бірлесіп қамтамасыз ету» міндетті нұсқаулығында (DfE, 2015 жылғы наурыз) балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың әл-ауқатын қолдау бойынша жекелеген қызметтерге, оның ішінде мектептер мен колледждерге қойылатын заңнамалық талаптар мен міндеттер қамтылған.

[Балалардың қауіпсіздігін бірлесіп қамтамасыз ету. 2018](#)

2015 жылғы Prevent міндеттері жөніндегі нұсқаулық: 2015 жылғы 1 шілдеден бастап Ұлыбританиядағы барлық мектептерге 2015 жылғы «Терроризмге қарсы іс-қимыл және қауіпсіздік туралы» заңның 26-бөліміне сәйкес өз қызметін жүзеге асыру кезінде «адамдардың терроризмге тартылуына жол бермеу қажеттігіне тиісті назар аудару» міндеті жүктелді. Мектеп «радикалдануға бейім осал адамдарды қорғаудың оларды басқа зиян түрлерінен қорғаудан еш айырмашылығы жоқ» екенін мойындайды. Алдын алу бағытындағы білім беру оқушыларды жаһандану жағдайындағы өмірге дайындайтын және сексизмге, мизогинияға/мизандрияға, гомофобияға, бифобияға, сексуалдық зорлық-зомбылыққа және қудалауға мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыратын жалпы мектептік немесе колледждік тәсіл аясында барынша тиімді болады. Бұл жұмыс мектептің мінез-құлық саясаты мен тәрбие бағытындағы қолдау жүйесіне, сондай-ақ бүкіл оқу бағдарламасы аясында жүйелі түрде өткізілетін, дәлелдерге негізделген және алдын ала жоспарланған жеке тұлғалық, әлеуметтік, денсаулық және экономикалық білім беру (PSHE) бағдарламасына сүйенеді.

[Алдын-алу міндеттері](#)

NSPCC бағалауы бойынша, Ұлыбританияда жыл сайын жарты миллионнан астам бала зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған бала көбіне оның бірнеше түрін

бастан кешіреді және өмірінде басқа да қиындықтарға тап болады. Мұндай жағдай көбіне бір реттік оқиға ретінде емес, белгілі бір уақыт аралығында қайталанып отырады және интернетте де жиі орын алуы мүмкін.

Haileybury Almaty британдық стандарттарға және тиісті аккредиттеу органдарының талаптарына сәйкес Қазақстандағы барлық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.

Мектеп қызметкерлері оқушылармен күнделікті қарым-қатынаста болғандықтан, олар балалардың мінез-құлқындағы кез келген өзгерістерді немесе қорлау белгілерін байқауы мүмкін. Балалар ренжіген немесе қауіп төнген жағдайда мектептегі сенімді ересектерге де жүгіне алады. Мектеп қызметкерлері зорлық-зомбылық белгілерінен сақ болуы және алаңдаушылық туралы хабарлау процедураларын білуі өте маңызды. Мектеп анықталған проблемалар бойынша шара қолданып, дер кезінде көмек көрсетеді, сол арқылы мәселенің шиеленісуіне жол бермейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нұсқаулықтары

Қазақстан Республикасында бала мен балалық шақтың құқықтарын қорғау саласында балалардың өмір сүру сапасына қатысты әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді халықаралық стандарттарға сәйкес қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Балалардың өмір сүру сапасына қатысты халықаралық стандарттарды енгізудегі маңызды қадамдардың бірі Қазақстанның 1994 жылы БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» конвенциясын ратификациялауы болды.

Бала құқықтары туралы конвенцияның жалпы қағидалары Қазақстан Республикасының көптеген заңнамалық актілерінде көрініс тапқан. Олардың қатарына «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы», «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» және басқа да заңнамалық актілер жатады.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық, қараусыз қалдыру, қолайсыз отбасылық жағдай, панасыздық және балаларды қанаудың әртүрлі нысандары, оның ішінде балалар еңбегі мен жезөкшелік – өзекті әлеуметтік мәселелер.

4. БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ РӘСІМДЕРІ

Ерте кезеңде көмек көрсету балалардың әл-ауқатын қолдауда мәселе туындағаннан кейін әрекет етуге қарағанда тиімдірек. Мектептің барлық қызметкерлері зорлық-зомбылық көрсету мен қараусыз қалдырудың белгілері мен оларға түрткі болатын факторларды анықтауға, ақпарат алмасуға және балалар мен жасөспірімдерге қажетті көмек көрсету үшін бірлесіп жұмыс істеуге жауапты.

KCSIE нұсқаулығында былай делінген: «Егер бала елеулі зиян шегіп жатса немесе оған осындай зиян келу ықтималдығы болса, баланы қорғау үшін тиісті шаралар қабылдануға тиіс. Сондай-ақ зиян шекпеген немесе тікелей қауіп-қатерге ұшырамаған болса да, қосымша қолдауды қажет ететін баланың әл-ауқатын қамтамасыз ету шаралары қабылдануы қажет. Зиян ұғымы тек физикалық емес қатыгез қарым-қатынасты, сондай-ақ басқа адамдарға жасалған зорлық-зомбылықтың куәсі болудың салдарын да қамтуы мүмкін. Бұл, мысалы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің балаларға тигізетін әсеріне қатысты ерекше маңызға ие. Балалар отбасында, мекемеде немесе қоғамдастықта өздері танитын адамдардың, ал сирек жағдайларда бөгде адамдардың тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырауы мүмкін».

Кейде улану немесе зорлық-зомбылық сипатындағы шабуыл секілді бір ғана жарақаттаушы оқиға «елеулі зиян» келтіруі мүмкін. Алайда көбіне бұл баланың физикалық және

психологиялық дамуын өзгертуі немесе оған зиян келтіруі мүмкін шұғыл әрі ұзаққа созылған елеулі оқиғалардың жиынтығынан тұрады. Кейбір балалар денсаулығы мен дамуына тиісті көңіл бөлінбейтін отбасылық немесе әлеуметтік жағдайда өмір сүреді. Мұндай қараусыз қалдыру, эмоционалдық, физикалық және/немесе сексуалдық зорлық-зомбылық секілді, елеулі зиян келтіретін дәрежедегі бұзылуларға әкелуі мүмкін. Сондықтан балалардың сексуалдық қанауды, қылмыстық қанауды және жасөспірімдер арасындағы ауыр зорлық-зомбылықты қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, бірнеше қауіп түріне қатар ұшырауы мүмкін екенін әрдайым есте ұстау маңызды.

Оқыту

Барлық қызметкерлер әр оқу жылының басында балаларды қорғау мәселелері бойынша оқытудан өтеді және оны толық аяқтайды. Одан кейін жыл бойы қосымша сабақтар және/немесе курстар өткізіледі. Әдетте бұл оқытуды сыртқы мамандардың және/немесе ресурстардың қолдауымен Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету комитеті жүргізеді.

Жаңа қызметкерлерді оқыту және жұмысқа бейімдеу тәртібі [Қауіпсіз жұмысқа қабылдау саясатында](#) қамтылған. Сонымен қатар мектеп ұзақ уақыт жұмыста болмағаннан кейін қайта оралған кез келген қызметкерді, мысалы, стандартты оқыту бағдарламасына қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жаңа қызметкерлермен бірдей тәртіппен оқытады.

Барлық қызметкерлер балалардың нәсілшілдікке, діни сенімге байланысты теріс көзқарасқа және кемсітушіліктің басқа да түрлеріне негізделген зиянға ұшырауы мүмкін екенін түсінуге тиіс. Мұндай жағдайлар баланың әл-ауқатына, психологиялық жағдайына, психикалық денсаулығына және көмек сұрауға дайындығына әсер етуі мүмкін. Қызметкерлер теріс көзқарасқа негізделген зиянның белгілері мен салдарына мұқият болып, қажет болған жағдайда туындаған алаңдаушылықтың балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәжірибесі аясында қарастырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Зорлық-зомбылық көрсету белгілерін анықтау

Балаларды зияннан қорғауды қамтамасыз ету үшін қандай мінез-құлық түрлері зорлық-зомбылық көрсету болып саналатынын түсінуге қажет.

Балаға зорлық-зомбылық көрсету дегеніміз – балаға қасақана зиян *келтіру* (мысалы, баланы ұру) немесе зиянның алдын алу үшін қажетті *әрекеттерді жасамау* (мысалы, кішкентай баланы үйде жалғыз қалдыру не пышақтар немесе сіріңкелерді қараусыз қалған кішкентай баланың қолы жететін жерде қалдыру). Зорлық-зомбылықты ересек ерлер немесе әйелдер, басқа балалар мен жасөспірімдер көрсетуі мүмкін. Балалар отбасында, мекемеде немесе қоғамдастықта өздері танытын не танымайтын адамдардың тарапынан, мысалы, интернет арқылы зорлық-зомбылыққа ұшырауы мүмкін. Интернеттегі зорлық-зомбылыққа қатысты алаңдаушылық артып келеді, сондықтан қызметкерлер оның орын алуы мүмкін екенін біліп, тиісті белгілерге мұқият болуға тиіс.

Зорлық-зомбылық көрсетудің төрт санаты бар: физикалық зорлық-зомбылық, эмоционалдық зорлық-зомбылық, сексуалдық зорлық-зомбылық және қараусыз қалдыру. Барлық қызметкерлер зорлық-зомбылық көрсету немесе балалардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелердің бір ғана анықтамамен немесе атаумен сипатталатын оқшауланған жағдайлар ретінде сирек кездесетінін түсінуге тиіс. Көп жағдайда бірнеше мәселе бір-бірімен өзара байланысты болады.

Физикалық зорлық-зомбылық

Физикалық зорлық-зомбылық – баланы ұру, сілкіту, лақтыру, улау, күйдіру немесе ыстық сұйықтықпен күйдіру, суға батыру, тұншықтыру не оған қандай да бір басқа жолмен дене жарақатын келтіруді қамтуы мүмкін зорлық-зомбылық түрі. Сондай-ақ ата-анасы немесе қамқоршысы баланың ауру белгілерін ойдан шығарған немесе баланы қасақана ауыртқан жағдайда да балаға физикалық зиян келтірілуі мүмкін.

Эмоционалдық зорлық-зомбылық және психикалық денсаулық

Эмоционалдық зорлық-зомбылық – баланың психологиялық жай-күйі мен эмоционалдық дамуына ауыр әрі ұзаққа созылатын кері әсер келтіретін тұрақты эмоционалдық қысым көрсету. Ол балаға өзінің түкке тұрғысыз, ешкімге қажетсіз, қабілетсіз екенін немесе тек басқа адамның қажеттіліктерін қанағаттандырған жағдайда ғана бағаланатынын сезіндіруді қамтуы мүмкін. Сондай-ақ балаға өз пікірін білдіруге мүмкіндік бермеу, оны әдейі үндемеуге мәжбүрлеу немесе оның айтқан сөздері мен қарым-қатынас жасау тәсілін келемеждеуді қамтуы мүмкін.

Эмоционалдық зорлық-зомбылық балаға оның жасына немесе даму деңгейіне сәйкес келмейтін талаптар қою түрінде де көрініс табуы мүмкін. Бұған баланың даму мүмкіндіктерінен асып түсетін өзара әрекеттестік, шектен тыс қамқорлық жасау, қоршаған ортаны зерттеу мен білім алу мүмкіндіктерін шектеу немесе баланың қалыпты әлеуметтік қарым-қатынасқа қатысуына жол бермеу жатады. Ол басқа адамға жасалған зорлық-зомбылықты көруді немесе естуді де қамтуы мүмкін. Сондай-ақ оған ауыр буллинг, оның ішінде интернеттегі буллинг, баланың жиі қорқыныш немесе қауіп сезінуіне себеп болу, баланы қанау немесе теріс жолға салу жатады.

Баланың психикалық денсаулығындағы өзгерістер оның қауіпсіздігіне қатысты мәселенің немесе ықтимал зиян қаупінің белгісі не симптомы болуы мүмкін. Haileybury Almaty мектеп қауымдастығының оқушылардың психикалық денсаулығы мен әл-ауқатын қолдауда маңызды рөл атқаратынын түсінеді. Осыған байланысты біз мұндай қажеттіліктерді анықтау және олардың балалардың қауіпсіздігіне қатысты мәселемен байланысын айқындау мақсатында қолданыстағы жүйелеріміз бен үдерістерімізді қайта қарастырып жатырмыз. Бұл бізге оқушыларға қажетті қолдауды барынша тиімді көрсетуге мүмкіндік береді.

Эмоционалдық зорлық-зомбылықтың белгілі бір дәрежесі балаға зорлық-зомбылық көрсетудің барлық түрінде кездеседі, алайда ол өз алдына жеке де орын алуы мүмкін.

Барлық қызметкерлер нәсілшілдіктің, діни сеніміне байланысты көрсетілетін зорлық-зомбылықтың және кемсітушілік сипатындағы басқа да әрекеттердің баланың әл-ауқатына, психологиялық жай-күйіне және қауіпсіздік сезіміне елеулі әсер етуі мүмкін екенін түсінуге тиіс. Қажет болған жағдайда мұндай әрекеттер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәжірибесі аясында қарастырылуы керек.

Сексуалдық зорлық-зомбылық

Сексуалдық зорлық-зомбылық бала немесе жасөспірім не болып жатқанын түсінетініне не түсінбейтініне қарамастан, оны сексуалдық әрекеттерге қатысуға мәжбүрлеуді немесе тартуды қамтиды. Мұндай әрекеттер міндетті түрде күш қолданудың жоғары деңгейімен қатар жүрмеуі мүмкін. Олар денеге ену арқылы жасалатын зорлықты (мысалы, зорлау немесе оралдық секс), сондай-ақ мастурбация, сүй, үйкелеу және киімнің сыртынан денеге қол тигізу секілді денеге енусіз жасалатын әрекеттерді қоса алғанда, физикалық жанасуды қамтуы мүмкін.

Сексуалдық зорлық-зомбылық физикалық жанасусыз жасалатын әрекеттерді де қамтуы мүмкін. Мысалы, балаларды сексуалдық сипаттағы бейнелерді көруге немесе жасауға тарту, сексуалдық әрекеттерді көруге мәжбүрлеу, балаларды сексуалдық тұрғыдан орынсыз әрекет етуге ынталандыру немесе баланы кейіннен зорлық-зомбылық көрсету мақсатында сеніміне кіру арқылы дайындау, оның ішінде интернет арқылы арбау. Сексуалдық зорлық-зомбылықты ерлер, әйелдер **және балалар** жасауы мүмкін екенін есте ұстау маңызды.

Сексуалдық зорлық-зомбылық интернетте де орын алуы мүмкін, ал технологиялар интернеттен тыс жасалатын зорлық-зомбылыққа жағдай жасау үшін пайдаланылуы мүмкін. 13 жасқа толмаған балаларға қатысты арнайы құқық бұзушылық құрамдары белгіленген, өйткені олар сексуалдық әрекетке заңды түрде жарамды келісім бере алмайды. Сондай-ақ баланың мұндай әрекетке келіскеніне қарамастан, 16 жасқа толмаған баламен сексуалдық әрекет жасау құқық бұзушылық болып саналатынын нақты белгілейтін арнайы құқық бұзушылық құрамдары бар.

Балалардың басқа балаларға сексуалдық зорлық-зомбылық көрсетуі – білім беру саласындағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ерекше мәселе.

Қараусыз қалдыру

Қараусыз қалдыру (оның ішінде ауқатты отбасындағы қараусыз қалдыру) – баланың денсаулығына немесе дамуына елеулі зиян келтіруі ықтимал негізгі физикалық және/немесе психологиялық қажеттіліктерін ұзақ уақыт бойы қанағаттандырмау. Ананың психобелсенді заттарды теріс пайдалануы салдарынан бала жүктілік кезінде-ақ қараусыз қалдырудың зардабын шегуі мүмкін. Бала дүниеге келгеннен кейін қараусыз қалдыру ата-анасының немесе қамқоршысының мынадай әрекеттерді орындамауын қамтуы мүмкін:

- жеткілікті тамақпен, киіммен және баспанамен қамтамасыз етпеу, оның ішінде үйден қуып жіберу немесе тастап кету;
- баланы физикалық және эмоционалдық зияннан немесе қауіп-қатерден қорғамау;
- тиісті бақылауды қамтамасыз етпеу, оның ішінде баланы қарауға лайықты емес адамдарға тапсыру;
- тиісті медициналық көмекке немесе емдеуге қол жеткізуін қамтамасыз етпеу.

Зорлық-зомбылықтың бұл түрі баланың негізгі эмоционалдық қажеттіліктерін елемейді немесе оларға жауап бермейді де қамтуы мүмкін.

Жоғарыда аталған санаттарды NSPCC анықтаған, ал олардың анықтамалары *«Балалардың қауіпсіздігін бірлесіп қамтамасыз ету»* (DfE, 2015 жылғы шілде) және *«Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету»* (DfE, 2026 жылғы қыркүйек) құжаттарынан алынған.

Ұзақ уақытқа созылған қараусыз қалдыру және ауқатты отбасындағы қараусыз қалдыру жағдайларына байланысты мектеп ата-аналардан немесе қамқоршылардан белгіленген нақты талаптарды орындауға келісім беруін сұрауы және/немесе қажетті талаптар орындалғанға дейін баланың мектептегі орнын уақытша тоқтата тұруы мүмкін.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ерекше мәселелер

Барлық қызметкерлер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты мәселелерден хабардар болуға тиіс. Олардың кейбірі төменде келтірілген:

- буллинг, оның ішінде интернеттегі буллинг (төменде қараңыз);
- білім беру үдерісіне қатыспай жүрген балалар және А қосымшасы;
- үйінен немесе қамқорлық мекемесінен жоғалған бала;
- балаларды сексуалдық қанау (CSE) ([Балаларды сексуалдық қанау. DfE](#));
 - CSE белгілі бір уақыт аралығында жалғасуы немесе бір реттік жағдай ретінде орын алуы мүмкін. Сондай-ақ ол баланың сол сәтте хабардар болуынсыз жүзеге асуы ықтимал, мысалы, басқа адамдар баланың бейнежазбаларын немесе суреттерін әлеуметтік желілерде бөліскен жағдайда;
- балаларды есірткі заттарын аймақтар арасында тасымалдауға және таратуға тарту;
- тұрмыстық зорлық-зомбылықты көру, есту немесе оның салдарын бастан кешіру;
- есірткі заттары;
- қолдан жасалған немесе қасақана туындатылған ауру;
- діни сенімге байланысты қатыгездік;
- әйел жыныс мүшелеріне зақым келтіру немесе «ар-намысқа негізделген» деп аталатын зорлық-зомбылық;
- мәжбүрлі неке;
- қылмыстық топтар және жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық;
- гендерлік зорлық-зомбылық/әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық;
- өшпенділікке негізделген әрекеттер;
- баспанасыздық;
- психикалық денсаулық;
- жоғалған балалар мен ересектерге қатысты іс-қимыл стратегиясы;
- жеке патронаттық тәрбие;
- радикалданудың алдын алу;

- қарым-қатынастағы зорлық-зомбылық;
- секстинг – жалаңаш немесе жартылай жалаңаш бейнелерді жасау немесе бөлісу;
- адам саудасы;
- адамның келісімінсіз оның киімінің астын жасырын фотоға немесе бейнеге түсіру – 2019 жылғы «Вуайеризм (құқық бұзушылықтар) туралы» заңда берілген анықтамаға сәйкес.

KCSIE 2026 нұсқаулығының А қосымшасында қатыгездік көрсетудің нақты түрлері мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері туралы маңызды қосымша ақпарат қамтылған. Мектеп басшылары мен балалармен тікелей жұмыс істейтін қызметкерлер осы қосымшаны оқуға тиіс.

Қызметкерлер есірткі қолдану, алкогольді теріс пайдалану, сабақтан себепсіз қалу және секстинг, яғни жалаңаш немесе жартылай жалаңаш бейнелерді жасау немесе бөлісу секілді әрекеттердің балаларға қауіп төндіретінін түсінуге тиіс.

Барлық қызметкерлер балалардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелер балалардың бір-біріне көрсететін қатыгездігі, оның ішінде қудалау мен зорлық-зомбылық арқылы көрініс табуы мүмкін екенін білуге тиіс. Мұндай әрекеттер көбіне буллингті, оның ішінде интернеттегі буллинкті, гендерлік зорлық-зомбылықты/сексуалдық сипаттағы шабуылдарды және секстингті, яғни жалаңаш немесе жартылай жалаңаш бейнелерді жасау немесе бөлісуді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Қызметкерлер Haileybury Almaty мектебінің балалардың бір-біріне көрсететін қатыгездігіне, оның ішінде қудалау мен зорлық-зомбылыққа қатысты саясаты мен рәсімдерін нақты білуге тиіс.

Интернеттегі қауіпсіздік

Мектеп оқушыларымыз бен мектеп қауымдастығы мүшелерінің интернетте және цифрлық ортада жұмыс істеу кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттенеді. Тәрбие жұмысы жөніндегі тәжірибелі әрі жан-жақты командаларымыз, сондай-ақ жақында тағайындалған Цифрлық оқыту бөлімінің жетекшісі, IT бөлімі және кеңейтілген Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комитет арқылы мектеп жаңа қауіп-қатерлерден қорғауға бағытталған сенімді шараларды әзірлеп, енгізуде. Осы жұмыс аясында мектеп интернеттегі қауіпсіздік мәселелерін барлық тұрақты оқыту бағдарламаларына енгізуге және рәсімдерді жыл сайын жаңартып отыруға міндеттенеді.

Контентті сүзгілеу және интернеттегі әрекеттерді бақылау үшін негізгі жауапкершілік DSL-ге жүктеледі.

Қамқоршылар IT бөлімі арқылы контентті сүзгілеу мен интернеттегі әрекеттерді бақылауға жауапты.

Буллинг

Балалар арасындағы буллинг қатыгездік көрсету мен қараусыз қалдырудың жеке санаты болып саналмағанымен, ол баланың қатты алаңдауы мен күйзеліске түсуіне себеп болуы мүмкін елеулі мәселе. Буллинктің ең ауыр түрлері баланың әл-ауқатына жойқын әсер етіп, сирек жағдайларда суицидке әкелген.

Буллинктің барлық жағдайлары, оның ішінде интернеттегі және алауашылыққа негізделген буллинг туралы хабарлануға тиіс және олар буллингке қарсы рәсімдерімізге сәйкес қарастырылады. Негізгі кезеңдердің жетекшілері буллинг белгілері бар мінез-құлық жағдайларының есебін жүргізіп, оларды әр тоқсан сайын DSL-ге ұсынуға тиіс. Мектептің буллингке қарсы саясаты жыл сайын қайта қаралып, әр оқу жылының басында жарияланады.

Буллинг мәселесі мектеп саясаты және жеке тұлғалық, әлеуметтік және денсаулық туралы білім беру (PSHE) бағдарламасы аясында жүйелі түрде қарастырылады. Оқу бағдарламасының осы саласында туындауы мүмкін балалардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелер жөніндегі Ұлыбритания нұсқаулығы [«Қарым-қатынас туралы білім беру»](#).

[қарым-қатынас және сексуалдық тәрбие \(RSE\), сондай-ақ денсаулық туралы білім беру жөніндегі нұсқаулықта](#) берілген. Егер буллинг аса ауыр сипатта болса немесе буллингке қарсы рәсімдер тиімсіз деп танылса, мектеп директоры мен DSL балаларды қорғау рәсімдерін қолдану мүмкіндігін қарастыруы мүмкін.

Қатыгездік көрсету белгілері

Қатыгездіктің кейбір түрлерін физикалық белгілер арқылы анықтауға болады. Мысалы, физикалық немесе сексуалдық қатыгездік салдарынан пайда болған көгерулер, қан кету немесе сүйек сынуы, сондай-ақ балаға тиісті бақылау жасалмауы салдарынан алған жарақаттар. Алайда физикалық белгілерді анықтау қиын болуы мүмкін, себебі балалар көбіне ұялуына немесе қысылуына байланысты жарақаттарын жасыруға тырысады. Сондай-ақ қатыгездік көрсеткен адам бала бұл туралы біреуге айтқан жағдайда одан әрі зорлық-зомбылық жасаймын немесе қосымша зардап шектіретін әрекеттерге барамын деп қорқытуы мүмкін. Медициналық білімі жоқ адамның жарақаттың кездейсоқ немесе қасақана келтірілгенін нақты анықтауы да өте қиын. Сондықтан қызметкерлер қатыгездік көрсетудің әртүрлі *мінез-құлық белгілерін* де білуге және кез келген алаңдаушылық туралы DSL-ге хабарлауға тиіс.

Қатыгездікке ұшыраған немесе қараусыз қалған балада мынадай белгілер болуы мүмкін:

- денесінде көгерулер, қан кету, күйіктер, сүйек сынықтары немесе басқа жарақаттар болуы;
- ауырсыну немесе жайсыздық белгілерін көрсетуі;
- жылы ауа райында да қолдары мен аяқтарын жауып жүруі;
- дене шынықтыру сабағына немесе жүзуге киім ауыстыруға алаңдауы;
- сыртқы келбетінің ұқыпсыз әрі күтімсіз болуы;
- тамақтану әдеттерінің өзгеруі;
- достық қарым-қатынас орнатуда немесе оны сақтауда қиналуы;
- қорқынышты болып көрінуі;
- өзінің немесе басқа адамдардың қауіпсіздігіне немқұрайды қарауы;
- өзіне-өзі зиян келтіруі;
- үйіне барғысы келмейтінін білдіретін белгілер көрсетуі;
- мінез-құлқының өзгеруі, мысалы, сабырлы күйден агрессивті күйге немесе көңілді күйден тұйық күйге ауысуы;
- беделді тұлғалардың талаптарына қарсы шығуы;
- сабаққа деген қызығушылығын жоғалтуы;
- үнемі шаршаңқы немесе ойға шомып жүруі;
- физикалық жанасудан сақтануы;
- есірткі заттарына немесе алкогольге қатысты әрекеттерге қатысуы не олар туралы жасына сай емес деңгейде көп білуі;
- жасына сай қалыпты деңгейден асып түсетін сексуалдық сипаттағы білімін немесе мінез-құлын көрсетуі.

Жекелеген белгілердің әрқайсысы өз алдына қатыгездіктің орын алғанын дәлелдейтін нақты айғақ бола алмайды. Оларды жалпы жағдайдың бір бөлігі ретінде қарастыру қажет, өйткені әрбір шағын ақпарат DSL-ге әрі қарай қалай әрекет ету керектігін шешуге көмектеседі. Сондықтан қызметкерлердің өз алаңдаушылықтары туралы хабарлауы аса маңызды. Қызметкерлерге баланың қауіп-қатерге ұшырағанын дәлелдейтін «бұлтартпас айғақ» қажет емес. Олар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындауда қолдау көрсетілетінін біле отырып, кез келген күмәні немесе алаңдаушылығы бойынша әрекет етуге тиіс. Нәтижесіне қарамастан, адал ниетпен берілген барлық хабарлама мектептің Заң бұзушылықтар туралы хабарлау саясатына сәйкес қарастырылады.

Қатыгездіктің салдары

Балаға жасалған қатыгездіктің салдарын жете бағаламауға болмайды. Балалық шағында қатыгездікке ұшыраған адамдар мазасыздықты немесе депрессияны, өзіне-өзі зиян келтіруді, тамақтану бұзылыстарын, алкоголь мен психобелсенді заттарды теріс пайдалануды, тең емес әрі зиянды қарым-қатынастарды, сондай-ақ ұзақ мерзімді медициналық немесе психиатриялық

қиындықтарды бастан кешіруі мүмкін. Көптеген бала бұл жағдайдан айығып, дені сау, бақытты әрі жемісті өмір сүре алады. Дегенмен, балалық шағында қатыгездікке ұшыраған ересектердің көпшілігі эмоционалдық жаралар қаншалықты терең жасырылғанымен, олардың сақталып қалатынын мойындайды.

Әрекет ету

Кез келген отбасындағы және кез келген мектептегі әрбір бала қатыгездіктің құрбаны болуы мүмкін. Қызметкерлер әрдайым «мұндай жағдай біздің мектепте де орын алуы мүмкін» деген ұстанымды басшылыққа алуға тиіс. Қызметкерлер есте сақтауы қажет негізгі қағидалар:

- төтенше жағдайда балаға дереу көмектесу үшін қажетті әрекеттерді орындаңыз;
- алаңдаушылығыңыз туралы мүмкіндігінше тез арада DSL-ге хабарлаңыз;
- өз бетіңізше тергеу жүргізуді бастамаңыз;
- ақпаратты тек қызметтік қажеттілік қағидаты бойынша бөлісіңіз – бұл мәселені әріптестеріңізбен, достарыңызбен немесе отбасы мүшелеріңізбен талқыламаңыз;
- алаңдаушылық туралы жазбаны толтырыңыз;
- егер қатты күйзеліске түссеңіз, өзіңізге қолдау сұраңыз.

Баланың әл-ауқатына қатысты алаңдаушылығыңыз болса

Кейде қызметкер баланың қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін деп күдіктенгенімен, оның нақты дәлелі болмауы мүмкін. Мысалы, баланың мінез-құлқы өзгеруі, оның әрекеттерінен абыржу немесе күйзеліс байқалуы не физикалық белгілер анықталғанымен, олар нақты қорытынды жасауға жеткіліксіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда қызметкер балаға сөйлесуге мүмкіндік беруге тырысуы қажет. Байқалған белгілерге әртүрлі жағдайлар себеп болуы мүмкін: мысалы, ата-анасының бірі отбасынан кетіп қалуы, жақын досының немесе туысының қайтыс болуы не атасы немесе әжесінің ауырып қалуы. Қызметкер баладан жағдайының жақсы екенін немесе оған қандай да бір көмек қажет екенін сұрай алады.

Қызметкерлер өз алаңдаушылықтарын мектептің Жоғары басшылық командасымен талқылай алады. Егер бала өзіне зиян келтіріліп жатқанын айта бастаса, қызметкерлер төменде берілген нұсқауларды орындауға тиіс. Баламен алғашқы әңгімеден кейін қызметкердің алаңдаушылығы сақталса, ол бұл мәселені DSL-мен талқылауы қажет.

Егер бала сізге басынан өткеріп жүрген жағдай туралы айтса

Балаға өзінің қатыгездікке ұшырап жүргенін айту үшін үлкен батылдық қажет. Бала, әсіресе сексуалдық қатыгездік жағдайында, ұялуы мүмкін; қатыгездік көрсеткен адам бұл туралы біреуге айтса, ауыр зардаптарға ұшыратамын деп қорқытуы мүмкін; бала ересектерге деген сенімін толығымен жоғалтуы мүмкін немесе қатыгездікке өзі кінәлі деп ойлауы не оған осылай айтылуы мүмкін.

Егер бала қызметкерге өзінің қауіпсіздігіне немесе әл-ауқатына қатысты қандай да бір қауіп туралы айтса, қызметкер бұл ақпаратты тиісті жауапты тұлғаға жеткізуге міндетті екенін балаға түсіндіруі қажет. Қызметкерлер мұндай ақпаратты құпия сақтай алмайды және оны ешкімге айтпауға ешқашан уәде бермеуге тиіс. Мұны балаға қай кезде айту керектігі қызметкердің кәсіби пайымына байланысты. Егер әңгіменің басында бірден айтылса, оқушы қызметкер оны тыңдағысы келмейді деп ойлауы мүмкін. Ал әңгіменің соңына дейін айтылмаса, бала әдеттегі жағдайда бөліспейтін ақпаратын айтуға алданғандай сезінуі мүмкін.

Балалармен осындай әңгімелесу барысында қызметкерлер:

- баланың еркін сөйлеуіне мүмкіндік беруге;
- сабыр сақтауға және шамадан тыс эмоция білдірмеуге – бала тыңдап отырған адамды ренжітіп жатырмын деп ойласа, әңгімесін тоқтатуы мүмкін;
- бас изеу немесе жұбату сөздері арқылы қолдау көрсетуге («Мұндай жағдайдың басыңа түскеніне қатты өкінемін»; «Мен саған көмектескім келеді»; «Бұл сенің кінәң емес»; «Бұл туралы маған айтып, дұрыс әрекет жасап отырсың» және т.б.);

- үнсіздіктен қорықпауға – қызметкерлер бұл әңгіменің бала үшін қаншалықты қиын екенін есте сақтауға;
- ешбір жағдайда тергеу сипатындағы сұрақтар қоймауға (мысалы, мұндай жағдай неше рет болғанын, оның бауырларына да жасалғанын немесе ата-анасының бұл туралы не ойлайтынын сұрамауға);
- балаға көмектесу үшін қызметкердің бұл ақпаратты тиісті жауапты тұлғаға жеткізуге міндетті екенін қолайлы сәтте түсіндіруге;
- жұбату мақсатында бірден физикалық жанасуды ұсынбауға – қатыгездікке ұшыраған бала үшін мұндай әрекет жұбату емес, керісінше жайсыздық туғызуы мүмкін;
- баланы бұл туралы ертерек айтпағаны үшін сөкпеуге. «Бұл басталған кезде-ақ маған айтқаныңды қалар едім» немесе «Естіп тұрғаныма сене алар емеспін» секілді сөздер қолдау көрсету ниетімен айтылуы мүмкін, бірақ бала оларды өзінің дұрыс емес әрекет жасағаны ретінде қабылдауы ықтимал;
- балаға бұдан әрі не болатынын түсіндіруге. Бала DSL-мен кездесуге келісуі мүмкін. Егер келіспесе, сол күннің соңына дейін онымен біреудің сөйлесуге келетінін хабарлауға;
- бала бұл туралы DSL-ге өзі хабарлауға уәде берсе де, DSL-ге ауызша хабарлауға;
- әңгіменің мазмұнын мүмкіндігінше тез арада алаңдаушылық туралы жазба нысанына түсіріп, оны тікелей DSL-ге тапсыруға;
- егер күйзеліске түссе, өзіне қолдау сұрауға тиіс.

Ата-аналарды хабардар ету

Әдетте мектеп балаға қатысты кез келген алаңдаушылықты оның ата-анасымен талқылауға тырысады. Мұндай мәселені аса сақтықпен қарастыру қажет. Алаңдаушылық, күдік немесе баланың қандай да бір жағдай туралы хабарлауы туындаған жағдайда, DSL ата-аналармен байланысады. Алайда, егер мектеп ата-аналарды хабардар ету оқушыға төнетін қауіп-қатерді арттыруы немесе мәселені ушықтыруы мүмкін деп есептесе, мүмкіндігінше алдымен басқа тиісті мекемелерден кеңес алады.

Сексуалдық сипаттағы зиянды мінез-құлық танытатын балалар

Құрдастар тарапынан зорлық-зомбылық көрсету ықтималдығын мойындау маңызды.

Мұндай зорлық-зомбылыққа төмендегілер жатады, бірақ олармен ғана шектелмейді:

- құрдастар арасындағы жақын жеке қарым-қатынастарда орын алатын зорлық-зомбылық;
- буллинг (соның ішінде кибербуллинг);
- ұру, тебу, сілкілеу, тістеу, шаштан тарту немесе басқа жолмен денеге зақым келтіру сияқты физикалық зорлық-зомбылық (бұған физикалық зорлық-зомбылық жасауға ықпал ететін, онымен қорқытатын және/немесе оны жасауға итермелейтін онлайн әрекеттер де кіруі мүмкін);
- зорлау, сексуалдық сипаттағы ену арқылы күш көрсету және сексуалдық қолсұғушылық сияқты сексуалдық зорлық-зомбылық (бұған сексуалдық зорлық-зомбылық жасауға ықпал ететін, онымен қорқытатын және/немесе оны жасауға итермелейтін онлайн әрекеттер де кіруі мүмкін);
- сексуалдық сипаттағы пікірлер, ескертулер, әзілдер және онлайн сексуалдық қудалау сияқты сексуалдық қудалау; мұндай әрекеттер жеке-дара орын алуы немесе зорлық-зомбылықтың кең ауқымды үлгісінің бір бөлігі болуы мүмкін;
- жалаңаш және жартылай жалаңаш күйдегі суреттерді және/немесе бейнематериалдарды бөлісу (сондай-ақ секстинг немесе жастар жасаған сексуалдық сипаттағы бейнематериалдар деп аталады);
- топқа қабылдауға байланысты зорлық-зомбылық пен рәсімдер (бұған адамды топқа қабылдау тәсілі ретінде қолданылатын қудалау, зорлық-зомбылық немесе қорлау әрекеттері, сондай-ақ онлайн әрекеттер де кіруі мүмкін);
- адамның жыныс мүшелерін немесе бөксесін көру арқылы сексуалдық қанағаттану мақсатында немесе жәбірленушіні қорлау, күйзеліске түсіру не үрейлендіру мақсатында оның хабарынсыз киімінің астынан суретке түсіру; және

- нәсілшілдікті, діни сеніміне байланысты қорлауды және алалаушылыққа негізделген басқа да оқиғаларды қоса алғанда, кемсітушілік сипаттағы мінез-құлық.

Балалар арасындағы зорлық-зомбылыққа (соның ішінде қудалау мен күш көрсетуге) қатысты алаңдаушылық туындаған жағдайда, қызметкерлер бұл туралы DSL-ге хабарлайды. Елеулі зиян келтіру қаупі болған жағдайда, DSL сыртқы мекемелермен кеңеседі. Балалар арасындағы зорлық-зомбылыққа (соның ішінде қудалау мен күш көрсетуге) қатысты айыптаулар туындаған жағдайда, ата-аналарға хабар беріледі.

Қызметкерлер буллингтің келтіретін зиянын түсінуге және қажет болған жағдайда мектептің буллингке қарсы рәсімдерін қолдануға тиіс. Алайда кейбір жағдайларда баланың мінез-құлқы буллингке қарсы рәсімдерді емес, балаларды қорғау рәсімдерін қолдануды талап етуі мүмкін. Зерттеулерге сәйкес, балаларға сексуалдық зорлық-зомбылық көрсету жағдайларының 30 пайызына дейін 18 жасқа толмаған адамдар тарапынан жасалады.

Сексуалдық сипаттағы зиянды мінез-құлық танытатын балалармен және жастармен жұмыс істеу күрделі үдеріс болып табылады. Мектеп бүкіл мектеп қауымдастығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін басқа да тиісті мекемелермен бірлесіп жұмыс істейді. Мұндай мінез-құлық танытатын жастардың өздері де зорлық-зомбылық құрбаны болуы мүмкін, сондықтан балаларды қорғау рәсімдері жәбірленушіге де, зиян келтірген балаға да қатысты қолданылады. Баланың сексуалдық мінез-құлқына қатысты алаңдаушылық туындаған қызметкер бұл туралы дереу DSL-ге хабарлауы тиіс.

Балаларды сексуалдық қанау

Сексуалдық қанау дегеніміз — жекелеген ересектердің немесе ересектер тобының балалардың немесе жастардың осалдығын өз пайдасына пайдалануы. Оның құрбандары ұлдар да, қыздар да болуы мүмкін. Балалар мен жастар көбінесе достық пен қамқорлық, сыйлықтар, есірткі мен алкоголь, ал кейде тұратын орын ұсыну арқылы өздері байқамастан сексуалдық қанауға тартылады. Сексуалдық қанау — баланың физикалық және эмоционалдық денсаулығына ұзақ мерзімді кері әсер етуі мүмкін ауыр қылмыс. Ол сондай-ақ бала саудасымен байланысты болуы мүмкін. Барлық қызметкерлер қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша оқыту барысында сексуалдық қанаудың белгілері туралы хабардар болуы тиіс. Кез келген алаңдаушылық туралы дереу DSL-ге хабарлау қажет.

Құпиялылық және ақпарат алмасу

Барлық қызметкерлер балаларды қорғауға қатысты мәселелердің құпиялылықтың жоғары деңгейін талап ететінін түсінуге тиіс. Бұл балаға және іске қатысы бар қызметкерлерге құрмет көрсету үшін ғана емес, сондай-ақ ықтимал дәлелдердің көпшілікке жария болуына байланысты бұрмалануына немесе жарамсыз болып қалуына жол бермеу үшін қажет. Қызметкерлер алаңдаушылықтарын тек DSL-мен немесе DSL орынбасарымен, мектеп басшысымен немесе Қамқоршылар кеңесінің төрағасымен талқылауы тиіс (алаңдаушылықтың кімге қатысты екеніне байланысты). Одан кейін аталған тұлға бұл ақпаратты тағы кімнің білуі қажет екенін анықтап, оны «білу қажеттілігі» қағидаты бойынша таратады.

Қазақстанның жағдайын барынша ескере отырып, балаларды қорғауға қатысты ақпарат 2025 жылғы Деректерді пайдалану және оларға қол жеткізу туралы заңның (Data (Use and Access) Act 2025) қағидаттарына сәйкес сақталады және өңделеді.

Соған қарамастан, балаларды зияннан қорғау бірінші кезектегі міндет болып табылады. KCSIE 2026 құжатында: «Ақпаратты бөлісуге қатысты қауіп ақпаратты бөлісу қажеттілігіне және балалардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қорғауға кедергі болмауы тиіс», — деп көрсетілген.

Балаларды қорғауға қатысты жазбалар мен басқа да жазбаша ақпарат құлыпталатын қауіпсіз орында сақталуы тиіс. Кез келген электрондық ақпарат (мысалы, Google Drive жүйесіндегі ақпарат) құпиясөзбен қорғалуға және оған тек тиісті тұлғалардың ғана қолжетімділігі қамтамасыз етілуге тиіс.

Рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу үшін барлық мүмкін шаралар қабылданады. Құпия ақпаратты тасымалдауға болатындықтан жоғалуы немесе ұрлануы ықтимал ноутбуктерде сақтауға болмайды. Қызметкерлер балалардың қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылықтарын жазбаша тіркеген жағдайда, файлдар DSL-ге жіберілгеннен кейін қызметкердің электрондық поштасынан және компьютерінен (компьютерлерінен) жойылуы тиіс.

Егер балаларды қорғауға қатысты ақпаратты USB-жинақтағыш немесе портативті қатқыл диск сияқты тасымалдағышта сақтау қажет болса, бұл құрылғылар да құлыпталатын қауіпсіз орында сақталуы тиіс. Балаларды қорғауға қатысты ақпарат баланың негізгі жеке ісінен бөлек сақталады; жеке істе бөлек ақпараттың бар екенін көрсететін белгі қойылады.

Әдетте балаларды қорғауға қатысты жазбаларға 2025 жылғы Деректерді пайдалану және оларға қол жеткізу туралы заңның (Data (Use and Access) Act 2025) ақпаратты ашу жөніндегі ережелері қолданылмайды. Бұл оқушылар мен ата-аналардың аталған жазбалармен танысуға автоматты түрде құқығы жоқ екенін білдіреді. Егер қызметкер оқушыдан немесе ата-анадан балаларды қорғауға қатысты жазбалармен танысу туралы өтініш алса, ол өтінішті мектеп басшысына жолдайды. Ұлыбританияның 2025 жылғы Деректерді пайдалану және оларға қол жеткізу туралы заңы мектеп қызметкерлеріне баланы қорғауға көмектесуі мүмкін ақпаратты тиісті мекемелермен бөлісуге кедергі келтірмейді.

Қосымша қолдауды қажет ететін балалар мен отбасылар

Бұл баланың елеулі зиян шеккен немесе осындай зиян шегу ықтималдығы бар жағдайлардан өзгеше. Балалар мен отбасыларға мектептен тыс мекемелердің қолдауы қажет болған жағдайда, біз тиісті мектеп бөлімінің басшысымен және директордың орынбасарымен кеңескеннен кейін әрекет етеміз. Баланың және оның ата-анасының/қамқоршысының (қамқоршыларының) келісімімен, сондай-ақ Қазақстандағы балаларға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі жергілікті рәсімдер болған жағдайда соларға сәйкес қолдауды үйлестіру үшін тиісті мекемелермен тығыз байланыста жұмыс істейміз.

5. «PREVENT» МІНДЕТІ ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖЫНЫС МҮШЕЛЕРІН МЕРТІКТІРУ (FGM)

Prevent міндеті — Ұлыбританияның 2015 жылғы Терроризмге қарсы іс-қимыл және қауіпсіздік туралы заңына сәйкес белгілі бір уәкілетті органдарға өз функцияларын орындау барысында адамдардың терроризмге тартылуына жол бермеу қажеттілігін тиісінше ескеру жөнінде жүктелген міндет. Терроризм — адамның немесе адамдардың өміріне қауіп төндіретін не оларға ауыр күш қолдануға әкелетін; мүлікке елеулі зиян келтіретін; немесе электрондық жүйенің жұмысына елеулі түрде кедергі келтіретін не оны бұзатын әрекет. Күш қолдану немесе күш қолдану қаупі үкіметке ықпал етуге немесе қоғамды қорқытуға бағытталуы және саяси, діни немесе идеологиялық мақсатты ілгерілету үшін жасалуы **тиіс**.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасы үшін де өзекті. Ұлыбританияның Білім департаментінің мектептер мен балаларға күтім көрсететін ұйымдарға арналған Prevent міндетіне қатысты ұсынымдарында (2015 жылғы маусым): «Мектеп қызметкерлері радикалдану қаупіне ұшырауы мүмкін балаларды анықтау кезінде кәсіби пайымдауын қолданып, жағдайға сай әрекет етуі тиіс», — деп көрсетілген.

Террористік идеологияның ықпалына түсуі мүмкін адамды анықтаудың бірыңғай тәсілі жоқ. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты басқа қауіп-қатерлерді басқару кезіндегідей, қызметкерлер балалардың көмекке немесе қорғауға мұқтаж болуы мүмкін екенін көрсететін мінез-құлық өзгерістеріне назар аударуы тиіс.

Оқушыға қатысты алаңдаушылық туындаған қызметкерлер бұл туралы мүмкіндігінше тез арада DSL-ге хабарлауы тиіс. Бұдан кейін DSL Қазақстандағы сыртқы мекемелерге немесе шетел азаматтарына қатысты тиісті елшіліктерге хабарлау қажеттілігі жөнінде шешім қабылдайды.

Ұлыбританиядағы «Channel» бағдарламасы терроризмге тартылу қаупіне бейім деп танылған адамдарға ерте кезеңде қолдау көрсетуге бағытталған:

Осалдық белгілері

Жас адамның радикалдануға бейім екенін нақты көрсететін бірыңғай белгілер жоқ, алайда қауіп-қатерді арттыруы мүмкін әртүрлі факторлар бар.

Осалдық белгілеріне мыналар жатады:

- оқу үлгерімінің төмендігі;
- экстремистік әдебиеттің болуы;
- кедейлік;
- әлеуметтік оқшаулану;
- психологиялық жарақаттаушы оқиғалар;
- әлемдік немесе ұлттық деңгейдегі оқиғалар;
- басқа дінді қабылдау;
- мінез-құлықтың өзгеруі;
- экстремистік ықпал;
- өмір салтына байланысты отбасымен келіспеушілік;
- өзіндік болмысын түсінудегі қиындықтар;
- нәсілдік немесе өшпенділік негізіндегі қылмыстың құрбаны немесе куәгері болу;
- құрдастары, отбасы, әлеуметтік топтар немесе діни қауым тарапынан қабылданбау.

Экстремизм белгілерін анықтау

Радикалданудың немесе экстремизмнің алғашқы белгілеріне мыналар жатуы мүмкін:

- экстремистік мақсаттарға қолдау білдіру;
- зорлық-зомбылықты, әсіресе басқа дін немесе мәдениет өкілдеріне қарсы зорлық-зомбылықты дәріптеу;
- мектептен тыс жерде экстремистік іс-шараларға қатысқаны туралы айту немесе пікір білдіру;
- заңсыз немесе экстремистік әдебиеттің бар екенін көрсететін дәлелдердің болуы;
- заңсыз ұйымдардың немесе басқа экстремистік топтардың идеяларына ұқсас үндеулерді насихаттау;
- киім үлгісінің, мінез-құлқының және құрдастарымен қарым-қатынасының әдеттен тыс өзгеруі (алайда жастар интернетте өте ықпалды идеяларға, бағдарламалар мен желілерге тап болуы мүмкін, сондықтан олардың белгілі бір топтарға қатысы сырт көзге байқалмауы ықтимал);
- жасырын мінез-құлық;
- интернеттен экстремистік мазмұндағы материалдарды іздеу немесе экстремистік хабарламалармен не әлеуметтік желідегі парақшалармен бөлісу;
- діни сенімі, мәдениеті, жынысы, нәсілі немесе сексуалдық бағдары бойынша өзгешеліктерге төзбеушілік таныту;
- экстремистік тақырыптағы граффити, көркем туындылар немесе жазбалар;
- экстремистік көзқарастарды немесе әрекеттерді басқаларға таңуға тырысу;
- Батысқа немесе Ұлыбританияға қарсы көзқарастарын ауызша білдіру;
- басқа адамдарға қатысты зорлық-зомбылықты насихаттау.

Әйелдердің жыныс мүшелерін мерткітіру (FGM)

Әйелдердің жыныс мүшелерін мерткітіру (FGM) — балаларға жасалатын зорлық-зомбылықтың және әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың бір түрі. Сондықтан мұндай жағдайлар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды қорғауға арналған қолданыстағы құрылымдар, саясаттар мен рәсімдер шеңберінде қарастырылуы тиіс. Англияда, Уэльсте және Солтүстік Ирландияда бұл әрекетке 2003 жылғы Әйелдердің жыныс мүшелерін мерткітіру туралы заңға сәйкес тыйым салынған.

Қыз бала FGM түріндегі зорлық-зомбылыққа ұшыраған бауырына немесе жақын құрбысына қатысты ақпаратты ашып айтуы мүмкін екенін қызметкерлер ескеруі тиіс. Сонымен қатар

қызметкерлер Ұлыбританияда 2015 жылғы қазаннан бастап заңнамалық міндетке айналған FGM-ге күдік туғызатын жағдайлар туралы міндетті түрде хабарлау талабын білуі тиіс. FGM-ге қатысты кез келген күдік туралы DSL-ге дереу хабарлау қажет.

6. РӨЛДЕР МЕН МІНДЕТТЕР

Кәсіби талаптар

Балаларымызбен және олардың отбасыларымен қарым-қатынас жасайтын әрбір адам балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Біз алаңдаушылық тудыратын мәселелерді ерте анықтауға және олардың ушығуына жол бермеу үшін балаларға көмек көрсетуге басымдық береміз. Мұның себебі — балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесінде мектептің аса маңызды рөл атқаратынын жақсы түсінуіміз. Полициямен, денсаулық сақтау жүйесімен және балаларға қызмет көрсететін басқа да мекемелермен бірлесіп, біз балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етіп, оларды зияннан қорғаймыз.

Барлық қызметкерлеріміз *2012 жылғы Мұғалімдер стандарттарында* мұғалімдер, соның ішінде мектеп басшылары, өздерінің кәсіби міндеттері шеңберінде балалардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және мұғалім мамандығына деген қоғам сенімін сақтауға тиіс екені көрсетілгенін біледі. Бұл стандарттар педагогикалық тағылымдамадан өтушілерге, қызметке кірісу кезеңінен өтетін мамандарға және жаңа біліктілік алған мұғалімдерге (NQT) де қолданылады. Біз осы стандарттарды қатаң сақтаймыз және теріс қылықтар орын алған жағдайда, қажетіне қарай, мектептің тәртіптік рәсімдерін қолданамыз.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тағайындалған тұлға (DSL)

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тағайындалған тұлға (DSL):

- ресурстарды бөлу, басқа қызметкерлерге қолдау көрсету және олардың жұмысына басшылық жасау өкілеттіктерін қоса алғанда, өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға қажетті мектеп ішіндегі мәртебе мен өкілеттікке ие;
- кемінде екі жылда бір рет балаларды қорғау бойынша жаңартылған оқытудан өтуге тиіс;
- мектеп қауымдастығына қолдау көрсетіп, кәсіби кеңес береді;
- балаларды тыңдау, олардың қалауы мен сезімдерін ескеру мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;
- көмекке мұқтаж балалардың және ерекше білім беру қажеттіліктері (SEN) бар балалардың нақты қажеттіліктеріне ерекше назар аударады;
- Nailebury Almaty мектебінің рәсімдерін іс жүзінде қолдану тәртібін біледі;
- Prevent міндеті және тиісті мекемелерге немесе Ұлыбританиядағы Channel бағдарламасына жолдау тәртібі бойынша оқытудан өткен;
- ерте көмек көрсету және араласу бойынша жергілікті деңгейде келісілген үдерістерді түсінеді;
- барлық алаңдаушылықтар туралы егжей-тегжейлі жазбаша есеп жүргізеді, олардың қауіпсіз сақталуын қамтамасыз етеді және мұндай жазбалардың бар екені баланың жалпы жеке ісінде белгіленгенімен, олардың одан бөлек сақталуын қадағалайды;
- зорлық-зомбылық көрсетуге күдік туындаған жағдайларды мән-жайына қарай дереу жергілікті қызметтерге немесе полицияға жолдайды;
- мектептен кететін әрбір оқушының балаларды қорғауға қатысты ісінің құпия түрде және оқушының негізгі жеке ісінен бөлек оның жаңа мектебіндегі тиісті жауапты тұлғаға мүмкіндігінше тез арада жіберілуін қамтамасыз етеді;
- балаларды қорғау мәселелері жөніндегі конференцияларға қатысады және/немесе олардың жұмысына үлес қосады;
- балаларды қорғау жоспарларын жүзеге асыруға мектептің қатысуын үйлестіреді;
- тиісті мемлекеттік және ерікті ұйымдармен тиімді байланыс орнатады;
- барлық қызметкерлердің Балаларды қорғау саясаты мен Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мінез-құлық кодексін оқып, түсінгенін растау үшін қол қоюын қамтамасыз етеді;

- қызметкерлердің балаларды қорғау бойынша оқытуға қатысу есебінің жүргізілуін қамтамасыз етеді;
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балаларды қорғау саясатының жүйелі түрде қайта қаралып, жыл сайын жаңартылуын қамтамасыз етеді;
- қажет болған жағдайда тағайындалған қамқоршымен және мектеп басшысымен өзара байланыс орнатады;
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балаларды қорғау саясатын, мысалы, мектептің веб-сайтында жариялайды;
- ата-аналардың балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мектептің рөлі туралы хабардар болуын және зорлық-зомбылық көрсету немесе қараусыз қалдыру күдігіне қатысты ақпараттың тиісті органдарға жолдануы мүмкін екенін білуін қамтамасыз етеді;
- мектеп басшысы болмаған жағдайда, қызметкерге қатысты істердің Қамқоршылар кеңесінің төрағасына және/немесе Соттылық туралы мәліметтерді ашу және жұмыс істеуге тыйым салу қызметіне (DBS) тиісті түрде жолдануын қамтамасыз етеді;
- балалар мектептен немесе колледжден кеткен кезде, сұрау салынған жағдайда, олардың балаларды қорғауға қатысты ісінің жаңа мектепке немесе колледжге берілуін қамтамасыз етеді;
- мектептің өз міндеттерін қалай орындағаны туралы Қамқоршылар кеңесіне жыл сайынғы есеп ұсынады. Есепте көрсетілген кез келген кемшілікті DSL кідіріссіз жояды.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тағайындалған тұлғаның орынбасары (DDSL)

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тағайындалған тұлғаның орынбасары (DDSL):

- кемінде екі жылда бір рет балаларды қорғау бойынша тиісті оқытудан өтуге тиіс. DSL болмаған кезде DDSL мектептегі балалардың қауіпсіздігі мен қорғалуын үздіксіз қамтамасыз ету үшін қажетті функцияларды орындайды;
- ресурстарды бөлу, басқа қызметкерлерге қолдау көрсету және олардың жұмысына басшылық жасау өкілеттіктерін қоса алғанда, өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға қажетті мектеп ішіндегі мәртебе мен өкілеттікке ие болуға тиіс;
- DSL ұзақ уақыт бойы болмаған жағдайда, жоғарыда көрсетілген DSL функцияларының барлығын өзіне алады.

Қамқоршылар кеңесі:

- ведомствоаралық өзара іс-қимыл бойынша оқытудан, сондай-ақ балаларды қорғау жөніндегі негізгі оқытудан өтетін балаларды қорғауға жауапты қамқоршыны тағайындайды;
 - Бұл оқыту қамқоршыға мектептер мен колледждердегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясаты мен рәсімдерінің тиімділігін тексеруге, олардың сенімділігіне көз жеткізуге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты жалпы мектептік кешенді тәсілдің жүзеге асырылуын қолдауға мүмкіндік беретін стратегиялық тұрғыдан талап қоя білу үшін қажетті білім беруге тиіс;
- мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тағайындалған тұлғаның (DSL) болуын және оның рөлі лауазымдық нұсқаулықта нақты көрсетілуін қамтамасыз етеді;
- мектепте қызметкерлерге арналған қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мінез-құлық кодексін қамтитын Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балаларды қорғау саясаты мен рәсімдерінің болуын қамтамасыз етеді. Олар Ұлыбритания мен Қазақстан заңнамасының талаптарына, сондай-ақ тиісті аккредиттеу органының стандарттарына сәйкес келуге, жыл сайын қайта қаралуға және Қамқоршылар кеңесінің төрағасы тарапынан бекітілуге тиіс;
- мектептің Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балаларды қорғау саясаты мен рәсімдерінің мектеп веб-сайтында және/немесе қажетіне қарай басқа тәсілдермен жалпыға қолжетімді болуын қамтамасыз етеді;

- мектепте қызметкерлерге, соның ішінде мектеп басшысына қатысты, сондай-ақ басқа балаларға қатысты зорлық-зомбылық көрсету туралы айыптауларды қарастыру рәсімдерінің болуын қамтамасыз етеді;
- мектептің балалармен жұмыс істеуге үміткер қызметкерлердің жарамдылығын заңнама талаптарына сәйкес тексеруді қамтитын қауіпсіз жұмысқа қабылдау рәсімдерін сақтауын қамтамасыз етеді;
- мектептің барлық қызметкерлердің, соның ішінде мектеп басшысының, жұмысқа кірісу кезінде мектептегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары туралы ақпарат алуын және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен балаларды қорғау бойынша тиісті оқытудан өтуін көздейтін оқыту стратегиясын әзірлеуін қамтамасыз етеді. Бұл оқыту заңнама мен аккредиттеу талаптарындағы өзгерістерге сәйкес жүйелі түрде жаңартылып отыруы тиіс;
- мектептің келісімшарт бойынша жұмыс істейтін барлық қызметкерлерді, уақытша қызметкерлерді, еріктілерді, тағылымдамадан өтушілерді және педагогикалық тағылымдамадан өтушілерді мектептегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балаларды қорғау шараларымен таныстыруын қамтамасыз етеді;
- қажет болған жағдайда мектептің тиісті ведомствоаралық жұмыстар мен жоспарларға қатысуын қамтамасыз етеді;
- оқушылардың қосымша қажеттіліктері анықталған кезде мектептің үйлестірілген ерте көмек көрсетуін қамтамасыз етеді;
- мектептің кең ауқымды әрі теңгерімді оқу бағдарламасы аясында оқушыларға қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде интернеттегі қауіпсіздік туралы білім берудің жолдарын қарастыруын қамтамасыз етеді;
- 1998 жылғы Адам құқықтары туралы заң, 2010 жылғы Теңдік туралы заң (соның ішінде мемлекеттік сектордың теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеті) және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жеке шараларға қатысты өз міндеттемелерін біледі; және
- Қамқоршылар кеңесінің назарына жеткізілген мектептің қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балаларды қорғау саясаты мен рәсімдеріндегі кез келген кемшіліктерді немесе осал тұстарды кідіріссіз қарастырып, түзетеді.

Қамқоршылар кеңесі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балаларды қорғауға қатысты стратегиялық мәселелер бойынша тиісті мекемелермен байланыс орнатуға, сондай-ақ мектеп басшысына немесе Қамқоршылар кеңесінің мүшесіне қатысты айыптау тағылған жағдайда өзара іс-қимыл жасауға жауапты бір мүшені (әдетте кеңес төрағасын) тағайындайды.

Мектептің қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және айыптауларды қарастыру рәсімдерінің Қазақстан мен Ұлыбританиядағы ұлттық нұсқаулықтарға, сондай-ақ тиісті аккредиттеу органдарының талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз ету Қамқоршылар кеңесінің міндеті болып табылады.

Мектеп директоры

Мектеп директоры:

- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балаларды қорғау саясаты мен рәсімдерінің барлық қызметкерлер тарапынан жүзеге асырылуын және сақталуын қамтамасыз етеді;
- DSL мен оның орынбасарына өз міндеттерін тиімді орындауға мүмкіндік беру үшін жеткілікті уақыт, оқыту, қолдау мен ресурстарды бөледі, қажет болған жағдайда оларды алмастыратын қызметкерлерді тағайындайды. Бұл балалардың жағдайын бағалауды, стратегиялық талқылауларға және басқа да қажетті кездесулерге қатысуды қамтиды;
- барлық қызметкерлердің тиісті талаптарға сай келмейтін немесе қауіп төндіретін жұмыс тәжірибесіне қатысты алаңдаушылықтарын еркін білдіре алуын және мұндай алаңдаушылықтардың аса сақтықпен әрі заң бұзушылықтар туралы хабарлау рәсімдеріне сәйкес қарастырылуын қамтамасыз етеді;
- балаларға бүкіл оқу бағдарламасы және тұлғалық даму (PD) сабақтары аясында қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде интернетте өз қауіпсіздігін сақтау туралы білім алуға мүмкіндік берілуін қамтамасыз етеді;
- қызметкерге немесе Қамқоршылар кеңесінің мүшесіне қатысты айыптау тағылған жағдайда Қамқоршылар кеңесінің төрағасымен байланыс орнатады; және

- балаға зиян келтірген немесе оған қауіп төндіруі мүмкін кез келген тұлға Ұлыбритания азаматы болған жағдайда, ол туралы Соттылық туралы мәліметтерді ашу және жұмыс істеуге тыйым салу қызметіне (DBS), ал басқа шетел азаматтарына қатысты ақпараттың тиісті елшілікке жіберілуін қамтамасыз етеді.

Хаус жетекшілері (Жоғары мектеп) және кезең жетекшілері (Бастауыш мектеп)

Хаус жетекшілері (Жоғары мектеп) және кезең жетекшілері (Бастауыш мектеп):

- Кемінде әр екі оқу жылында бір рет балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша тереңдетілген оқытудан өтуге тиіс.
- Істерді бастапқы бағалау және бөлу тәртібіне сәйкес, тиісті мәселе Хаус жетекшісіне (Жоғары мектеп) іс бойынша жауапты тұлға ретінде қарау үшін берілуі мүмкін.
- Іс берілгеннен кейін іс бойынша жауапты тұлға көтерілген мәселенің тиісті түрде қаралуын және қажет болған жағдайда тапсырмалардың белгіленуін қамтамасыз етуге жауапты болады. Тапсырма белгіленген кезде мәселе бойынша жауапкершілік осы тапсырманы орындауға жауапты қызметкерге жүктеледі. Іс бойынша жауапты тұлғаның келесі қадамдарға уақтылы көшуі үшін белгіленген мерзімдерді сақтау қажет.
- Іс бойынша жауапты тұлға болып тағайындалған қызметкер *кез келген уақытта* мәселені Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету комитетінің мүшесіне беруді сұрай алады.

Жауапты лауазым атқаратын жоғары сынып оқушылары

Жауапты лауазым атқаратын жоғары сынып оқушыларына (мысалы, мектеп көшбасшылары мен префектілерге) қандай да бір алаңдаушылық туындаған немесе зорлық-зомбылық көрсету туралы шағым түскен жағдайда қабылдануға тиіс тиісті шаралар түсіндіріледі. Жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері туралы хабардарлығын арттыру және оларға оқушылардың әл-ауқатына қатысты өз міндеттерін орындауға мүмкіндік беру үшін құрдастарына тәлімгерлік ету бойынша оқыту ұсынылады.

Медициналық топ

Медициналық топта *«Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірлесіп жұмыс істеу»* (Ұлыбританияның Білім департаменті, 2015 жылғы наурыз) және *«Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету»* (Ұлыбританияның Білім департаменті, 2026 жыл) құжаттарының көшірмелері сақталады. Сондай-ақ медициналық топ балаларға жасалған зорлық-зомбылық белгілерін анықтау және тиісті шаралар қабылдау жөніндегі өз хаттамаларын басшылыққа алады.

Медбике *Мейіргер ісі және акушерлік кеңесінің кәсіби мінез-құлық кодексіне* сәйкес жұмыс істейді. Ол DSL-мен және мектептің қауіпсіздікті қамтамасыз ету тобының басқа мүшелерімен, мысалы, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы тобымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Дәрігерде мұндай жағдайлар туралы мектеп басшысына немесе ауруханаға хабарлауға қатысты заңнамалық және шарттық міндеттемелер бар. Медициналық қызметкерлер балалардың әл-ауқаты мен оларды қорғауға қатысты мектептегі кез келген оқытуға қатысуға шақырылады.

Жедел байланыс

Төтенше жағдай орын алған кезде қызметкерлер, ата-аналар және/немесе келушілер төмендегі тұлғаларға хабарласа алады:

Саймон Миллс (Мектеп директоры):

Даршак Пандья (DSL):

Элизабет Киртон (DDSL):

Мэттью Хант-Браун (DDSL):

Шынар Садықова (әкімшілік мәселелер бойынша DDSL):

Дина Амангельдиева (әкімшілік мәселелер бойынша DDSL):

Төтенше жағдай туындаған кезде Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету комитетінің басқа мүшелері мен SLT қызметкерлері де көмек көрсетуге дайын.

7. ТИІСТІ ТӘЖІРИБЕ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

Оқушылар алдындағы міндеттерімізді орындау және тиісті деңгейде сақтау үшін Haileybury Almaty мектебі тиісті анықтамалықтарда кәсіби нұсқаулық ретінде жарияланатын озық тәжірибе стандарттарын бекітеді. Оларға физикалық байланыс; орынды күш қолдану; киім ауыстыратын бөлмелерді қадағалау; қолданылатын тіл; тінту және заттарды тәркілеу; оқушымен жеке жұмыс істеу; әлеуметтік желілер; буллинг; алалаушылық; сыйлықтар және жеке репетиторлық бойынша нұсқаулықтар кіреді.

Қызметкерлер (соның ішінде еріктілер, тағылымдамадан өтушілер, педагогикалық тағылымдамадан өтушілер, сондай-ақ Haileybury Almaty мектебінде жұмыс істемейтін уақытша немесе алмастырушы қызметкерлер) *«Балалармен және жастармен жұмыс істейтін ересектердің қауіпсіз жұмыс тәжірибесі жөніндегі нұсқаулық»* (Ұлыбританияның Білім департаменті, 2009 жыл) және *«Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірлесіп жұмыс істеу»* (Ұлыбританияның Білім департаменті, 2019 жылғы қыркүйек) құжаттарында берілген нұсқауларды орындауға тиіс.

Тиісті тәжірибеге мыналар жатады:

- барлық балаларға құрметпен қарау;
- өзін тиісті түрде ұстап, жақсы үлгі көрсету;
- балаларды олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шешімдер қабылдауға қатыстыру;
- балалар арасында жағымды, сыйластыққа негізделген және қауіпсіз мінез-құлықты ынталандыру;
- балаларды мұқият тыңдай білу;
- балалардың мінез-құлқындағы өзгерістерге, сондай-ақ зорлық-зомбылық пен қараусыз қалдыру белгілеріне назар аудару;
- мінез-құлықтағы қиындықтардың баланың күйзеліске ұшырағанын немесе зорлық-зомбылық көргенін білдіруі мүмкін екенін түсіну;
- мектептің Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және балаларды қорғау саясатын, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кең ауқымды мәселелеріне қатысты нұсқаулық құжаттарды оқып, түсіну. Оларға буллингке қарсы іс-қимыл, мінез-құлық, сапарлар, әлеуметтік желілер мен интернеттегі қауіпсіздік, алғашқы медициналық көмек, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, сондай-ақ құпиялылық мәселелері кіреді;
- дене шынықтыру сабағында физикалық байланыс немесе көмек көрсету, музыка сабағында көрсету мақсатында қол тигізу, алғашқы медициналық көмек көрсету немесе басқа да физикалық байланыс орнату алдында баланың рұқсатын сұрау;
- балалармен және балалар арасындағы әңгімелер мен қарым-қатынастың тиісті талаптарға сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ сексуалдық сипаттағы немесе кемсітетін сөздерді қолданбау;
- балаға қауіп төнбеуі және мұғалімге жалған айып тағылмауы үшін онымен мұғалім сырттан көрінетін бөлмеде кездесіп, ешқашан жабық кеңістікте оңаша қалмау;
- оқушыларға арналған дәретханалар мен киім ауыстыратын бөлмелерді ересектер мен қызметкерлердің ешқашан пайдаланбауын және оларға себепсіз кірмеуін қамтамасыз ету;
- кейбір балалардың жеке және отбасылық жағдайлары мен өмір салты олардың зорлық-зомбылыққа ұшырау қаупін арттыруы мүмкін екенін ескеру;
- орынды күшті тек ең соңғы шара ретінде және мектептің Орынды күш қолдану саясатына сәйкес қолдану;
- баланың қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қатысты барлық алаңдаушылық туралы DSL-ге хабарлау, ал қажет болған жағдайда ақпаратты DSL арқылы сыртқы мекемелерге жолдау;

- балалармен қарым-қатынас жасауға, әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларды пайдалануға қатысты мектеп ережелерін сақтау.

Барлық қызметкерлер әр оқу жылының басында және жұмысқа кіріскен кезде Кәсіби мінез-құлық кодексіне, сондай-ақ Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мінез-құлық кодексіне қол қоюға тиіс.

8. СЕНІМДІ ТЕРІС ПАЙДАЛАНУ

Барлық қызметкерлер балаларға қатысты орынсыз мінез-құлыққа жол берілмейтінін және олардың балалармен қарым-қатынасы мінсіз болуы тиіс екенін түсінеді.

Сонымен қатар қызметкерлер Ұлыбританияның 2003 жылғы «Жыныстық құқық бұзушылықтар туралы» заңына сәйкес, сенім білдірілген лауазымдағы 18 жастан асқан адамның 18 жасқа толмаған адаммен, тіпті мұндай қарым-қатынас екі жақтың келісімімен болған жағдайда да, кез келген сипаттағы жыныстық қатынасқа түсуі құқық бұзушылық болып саналатынын түсінуі тиіс. Бұл Haileybury Almaty мектебінде жұмыс істемейтін еріктілерді, тағылымдамадан өтушілерді, педагогикалық практикадан өтуші мұғалімдерді, уақытша және алмастырушы қызметкерлерді қоса алғанда, мектептің кез келген қызметкері мен 18 жасқа толмаған оқушы арасындағы кез келген жыныстық әрекет, оқушы жыныстық қатынасқа келісім беруге заңмен белгіленген жасқа толған болса да, Ұлыбританияда қылмыстық құқық бұзушылық болып саналатынын білдіреді.

Сонымен қатар заңнамаға KCSIE 2026 талаптарына сәйкес енгізілген соңғы өзгерістерге байланысты, Ұлыбритания азаматтары мен резиденттері Ұлыбританиядан тыс елде Англия мен Уэльсте жыныстық құқық бұзушылық ретінде танылатын әрекет жасаған жағдайда, 2003 жылғы «Жыныстық құқық бұзушылықтар туралы» заңның 72-бабына сәйкес кінәлі деп танылуы мүмкін.

2003 жылғы «Жыныстық құқық бұзушылықтар туралы» заң

Кәмелетке толмағандардың балалар порнографиясын, соның ішінде фотосуреттерді, секстинг материалдарын (жалаңаш немесе жартылай жалаңаш бейнелерді жасау немесе бөлісу) бір-біріне немесе әлеуметтік желілер арқылы таратуы да құқық бұзушылық болып табылады.

Қызметкерлер өз мәртебесі мен беделін оқушылармен жыныстық сипаттағы немесе **оқушы мектептен кеткеннен кейін осындай сипатқа ие болуы мүмкін қарым-қатынас орнату немесе оны дамыту үшін пайдаланбауы тиіс**. Сондықтан бұрынғы оқушылармен жыныстық қарым-қатынас қызметкердің оқушы мектепте оқып жүрген кезде оны осындай қарым-қатынасқа алдын ала дайындаған болуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тексерілуі және сенімді теріс пайдалану ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қазақстанда жыныстық қатынасқа келісім беру жасы – 16 жас. Жыныстық қатынасқа келісім беру жасы – адамның жыныстық әрекетке қатысуға заңды түрде келісім бере алатын ең төменгі жасы. Қазақстанда 15 жасқа толған және одан кіші тұлғалар жыныстық әрекетке заңды түрде келісім бере алмайды. Мұндай әрекет кәмелетке толмаған адаммен жыныстық қатынасқа түскені үшін немесе жергілікті заңнамадағы оған балама құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін. 16 жасқа толмаған адаммен оның келісімі бойынша жыныстық қатынасқа түсу Қазақстанның кәмелетке толмағандармен жыныстық қатынасқа қатысты заңнамасын бұзу болып табылады.

9. ЕРЕКШЕ ОСАЛ БОЛУЫ МҮМКІН БАЛАЛАР

Кейбір балалар зорлық-зомбылыққа ұшыраудың жоғары қаупінде болуы мүмкін. Бұл қауіптің артуы көбіне баланың жеке басына, денсаулық жағдайына немесе өмірлік мән-жайларына емес, қоғамдағы көзқарастар мен қалыптасқан түсініктерге, сондай-ақ балалардың әртүрлі жағдайларын ескермеуге байланысты екенін түсіну маңызды. Қауіптің артуына көптеген факторлар, соның ішінде жаңсақ пікір мен кемсітушілік, оқшаулану, әлеуметтік шеттетілу, қарым-қатынас жасаудағы қиындықтар және кейбір ересектердің зорлық-зомбылықтың орын алуы мүмкін екенін мойындағысы келмеуі ықпал етуі мүмкін.

Барлық балалардың бірдей деңгейде қорғалуын қамтамасыз ету үшін мынадай балаларға ерекше назар аударылады:

- мүгедектігі немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға;
- оқу кезеңінде, үзілістерде және демалыс кезінде үйде отбасы мүшелеріне күтім жасайтын балаларға;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық орын алатын жағдайда тұратын және/немесе оның салдарын көретін, еститін немесе бастан өткеретін балаларға;
- ата-анасының психобелсенді заттарды теріс пайдалануынан зардап шеккен балаларға;
- үйінен бөлек тұратын балаларға;
- буллингке ұшырауы мүмкін немесе өздері буллингке қатысатын балаларға;
- уақытша тұрғын үйде тұратын балаларға;
- жиі орын ауыстырып, тұрақсыз өмір салтын ұстанатын балаларға;
- ретсіз және қолдауы жеткіліксіз отбасылық жағдайда тұратын балаларға;
- нәсіліне, этникалық шығу тегіне, дініне, мүгедектігіне немесе жыныстық бағдарына байланысты кемсітушілікке және қатыгездікке ұшырауы мүмкін балаларға;
- жыныстық қанауға тікелей немесе жанама түрде тартылған балаларға;
- ағылшын тілін меңгеру деңгейіне байланысты мектеп қызметкерлеріне өз ойын жеткізу қиын болатын балаларға;
- қазіргі уақытта ата-анасының таңдауы бойынша үйде білім алып жүрген балаларға (ЕНЕ – Elective Home Education).

○ Мұндай жағдайда мектепте балаға қолдау көрсетуге арналған кез келген стратегиялар немесе жоспарлар болашақта пайдалану үшін ата-аналарына немесе қамқоршыларына берілуі маңызды.

Гендерлік сәйкестігіне қатысты күмәні бар балалар

- Мектеп балаларға биологиялық жынысы қарама-қарсы балаларға арналған дәретханаларды, киім ауыстыратын бөлмелерді немесе душ бөлмелерін пайдалануға рұқсат бермеуге тиіс.
- Оқушылар биологиялық жынысы қарама-қарсы оқушылармен бірге бір түнгі орналастыру орнында жатпауға тиіс.
- **Спорт:** қауіпсіздік немесе әділдік маңызды болатын дене шынықтыру және спорттық іс-шараларда оқушылар биологиялық жынысына қарай бөлек қатысуға тиіс.
- Егер бала әлеуметтік ауысуға байланысты қолдау көрсетуді сұраса, ата-аналармен/қамқоршылармен басым тәртіппен байланыс орнату қажет. Қызметкерлер әлеуметтік ауысуға қатысты өзгерістерді өз бетінше енгізбеуге тиіс.

Ерте жастағы балаларды оқыту кезеңі

[Ерте жастағы балаларды оқыту кезеңінің заңнамалық негізіне](#) сәйкес негізгі талаптар ([DfE, 2026](#)) осы саясатта қамтылған. Қауіпсіз жұмысқа қабылдауға қатысты талаптар Қауіпсіз жұмысқа қабылдау саясатында қарастырылған.

Жалпы талаптармен қатар, төмендегі талаптар қолданылады:

- EYFS қызметкерлері балалармен жұмыс істеуге жарамдылығына әсер етуі мүмкін денсаулық жағдайындағы, соттылығындағы немесе жеке мән-жайларындағы кез келген өзгеріс туралы дереу хабарлауға тиіс.
- Қызметкерлер санының арақатынасы және біліктілік талаптары: балалардың жасына қарай белгіленген ересектер мен балалар санының арақатынасы барлық уақытта қатаң сақталуға тиіс (бір жасқа толмағандар, 1–2 жастағылар, 2–3 жастағылар және 3 жастан асқан балалар).
- Балаларға алғашқы медициналық көмек көрсету (PFA): балалар мекемеде болған барлық уақытта сол жерде балаларға алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша жарамды, толық 12 сағаттық сертификаты бар кемінде бір адам болуы және көмек көрсетуге дайын тұруы тиіс. Бұл адам балалармен бірге көшпелі іс-шараларға да баруға тиіс.

- Тәуекелдерді бағалау: білім беру қызметін көрсетуші балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне төнетін тәуекелдерді бағалауға, қауіп-қатерлерді анықтау, тәуекелдерді азайту және күнделікті іс-шаралар мен көшпелі іс-шаралар барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін орынды шаралар қабылдауға тиіс.
- Балалар туралы жазбалар: білім беру қызметін көрсетушілер әр бала туралы нақты және өзекті мәліметтерді, соның ішінде төтенше жағдайда хабарласуға арналған байланыс деректерін, аллергиялар мен денсаулық жағдайы туралы ақпаратты және сабаққа қатысу журналдарын жүргізуге тиіс.
- Ата-аналарға берілетін ақпарат: ата-аналарға мекеменің саясаттары, балаға бекітілген негізгі жауапты қызметкер, күнделікті тәртіп, сондай-ақ күн ішінде орын алған балалардың қауіпсіздігіне қатысты кез келген оқиға немесе жарақат туралы ақпарат берілуіне тиіс.

Бұл тізімде ерекше осал топтардың мысалдары келтірілген, алайда ол толық тізім болып табылмайды. Осал балаларға немесе көмекке мұқтаж балаларға қатысты қосымша нұсқаулықты [«Көмекке мұқтаж балалар»](#) құжатынан табуға болады.

10. САБАҚҚА КЕЛМЕЙТІН БАЛАЛАР

Барлық балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларға қамқорлық жасау жөніндегі міндетін орындау үшін мектеп оқушыларды тіркеу мен олардың сабаққа қатысуын есепке алудың нақты әрі бірізді рәсімдерін ұстануы тиіс. Мектеп баланың білім беру үдерісінен хабар-ошарсыз кетуі зорлық-зомбылықтың немесе қараусыз қалдырудың, соның ішінде жыныстық зорлық-зомбылық пен жыныстық қанаудың ықтимал белгісі болуы мүмкін екенін мойындайды. Сондықтан қызметкерлер оқушының сабаққа келмеу жағдайларына жедел әрекет етіп, DfE-нің [«Мектепке қатысуды жақсарту үшін бірлесіп жұмыс істеу»](#) нұсқаулығына сілтеме жасайтын Сабаққа қатысу саясатындағы «Сабаққа келмейтін бала» рәсімдерін орындауы тиіс. Мектеп басшылары кез келген демалыс кезеңінің басында немесе соңында орын алған рұқсатсыз сабаққа келмеу жағдайларын қадағалайды және бала бірнеше рет хабар-ошарсыз кеткен жағдайда ерекше сақтық танытуы тиіс. Туындаған кез келген алаңдаушылық туралы Балаларды қорғауға жауапты тағайындалған тұлғаға (DSL) дереу хабарлау қажет.

Мектеп Сабаққа қатысу саясатында белгіленгендей, сабаққа үнемі қатыспайтын немесе мектептің рұқсатынсыз белгілі бір уақыт бойы үздіксіз сабаққа келмеген кез келген оқушының ата-анасына хабарлау міндетін мойындайды. Егер алаңдаушылық туындаса, DSL [«Полицияға қашан хабарласу керек»](#) құжатындағы Ұлыбритания нұсқаулығына сәйкес полицияға, ал шетелдік балаларға қатысты жағдайларда тиісті елшіліктерге хабарлауы мүмкін.

Басқарушылар кеңесі білім беру үдерісінен хабар-ошарсыз кеткен, әсіресе мұндай жағдай бірнеше рет қайталанған балаларды қорғау бойынша тиісті шараларды қабылдау қажеттігін мойындайды. Бұл шаралар зорлық-зомбылық пен қараусыз қалдыру, соның ішінде жыныстық зорлық-зомбылық немесе қанау қаупін анықтауға және болашақта балалардың қайта хабар-ошарсыз кетуінің алдын алуға көмектесуі тиіс.

11. БАЛАЛАРҒА ӨЗ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ КӨМЕКТЕСУ

Балаларға қауіп-қатерді әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде тұлғалық, әлеуметтік, денсаулық және экономикалық білім беру бағдарламасы (PSHE) арқылы түсіну және басқару үйретіледі. Балалар өздері тап болуы мүмкін қауіптер туралы ойлануға және оларды қалай еңсеруге болатынын анықтауға ынталандырылады. Мұндай талқылаулар балалардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, өз бетінше әрекет етуіне ықпал етеді. Олардың мақсаты – қорқыныш пен алаңдаушылық туғызу емес, саналы әрі орынды мінез-құлықты қалыптастыру. Балаларға қауіпсіз және жауапты әрекет ету үйретіледі. Сондай-ақ оларға интернеттегі қауіпсіздік және буллингке қарсы іс-қимыл рәсімдері үнемі еске салынып отырады. Мектеп өзгелерге қамқорлық пен құрмет көрсетуге негізделген ортаны үнемі қалыптастырады. Балалар кез келген алаңдаушылығы туралы қызметкерге құпия түрде айтуға ынталандырылады.

DSL туындаған мәселелер, әсіресе 1989 жылғы «Балалар туралы» заңның 47-бабына сәйкес жүргізіліп жатқан тергеулер және полиция тергеулері жөнінде мектеп басшысына немесе

директорға хабарлау үшін онымен байланыс орнатады. Бұл ретте балалардың жанында тиісті ересек өкілдің (Appropriate Adult) болуы туралы талапты ескеру қажет. Қосымша ақпарат PACE Code C 2019 нормативтік нұсқаулығында берілген.

12. БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТАРТЫЛҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Балаға жасалған зорлық-зомбылық оның өміріне ауыр зардап келтіреді. Бұл сондай-ақ осындай жағдайға тартылған қызметкерлердің күйзеліске және алаңдаушылыққа ұшырауына әкелуі мүмкін. Мектеп балаларға, олардың отбасыларына және қызметкерлерге мынадай жолдармен қолдау көрсетеді:

- барлық күмәндар мен мәлімдемелерге байыппен қарау;
- барлық тараптарды хабардар етіп отыратын және негізгі байланыс тұлғасы болатын жауапты тұлғаны (әдетте DSL) тағайындау;
- егер қызметкер бала жасаған айыптаудың нысаны болса, мүдделер қақтығысын болдырмау үшін әр тарапқа бөлек, тәуелсіз байланыс тұлғаларын тағайындау және қызметкерге тиісті қолдау көрсету;
- балалардың немесе қызметкерлердің күйзелісті немесе алаңдаушылықты еңсеру үшін уақытша үзіліс беру туралы кез келген өтінішіне түсіністікпен қарау;
- құпиялылықты сақтау және ақпаратты тек білуі қажет тиісті тұлғалармен және мекемелермен бөлісу;
- жазбаларды қауіпсіз сақтау;
- сенім телефондары, кеңес беру қызметтері немесе өзге де сыртқы қолдау көздері туралы ақпарат ұсыну;
- мектептің бұзушылықтар туралы хабарлау, шағымдарды қарау және тәртіптік рәсімдерінде белгіленген тәртіпті сақтау;
- тиісті мемлекеттік органдармен толық ынтымақтастық орнату.

13. ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ РӘСІМІ

Егер оқушы немесе ата-ана оқушыға қатысты дұрыс емес әрекеттер жөнінде алаңдаушылық білдірсе, бірақ бастапқыда бұл жағдай баланы қорғау шараларын қолдану үшін белгіленген шекке жетпесе, мектептің шағымдарды қарау рәсімі қолданылады. Мұндай әрекеттерге оқушыны негізсіз бөліп көрсету немесе оны қорлауға әрекеттену, буллинг жасау немесе кемсіту, сондай-ақ қандай да бір белгісі бойынша алалау жатады. Мұндай шағымдарды Жоғары басшылық тобының мүшелері мен Басқарушылар кеңесі қарайды. Қызметкерлердің шағымдары мектептің Тәртіптік рәсімі мен еңбек дауларын қарау рәсіміне сәйкес қаралады.

14. ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ӘРІПТЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ АЛАҢДАУШЫЛЫҒЫ

Әріптесінің балаға қатысты іс-әрекетіне алаңдаған қызметкердің қиын жағдайда қалатыны сөзсіз. Ол жағдайды дұрыс түсінбегеніне алаңдауы және бұл туралы хабарлау әріптесінің мансабына қауіп төндіруі мүмкін бе деп ойлануы ықтимал. Дегенмен барлық қызметкерлер баланың әл-ауқаты бәрінен маңызды екенін есте сақтауы тиіс. Мектептің бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты қызметкерлерге өз алаңдаушылықтары немесе айыптаулар туралы құпия түрде хабарлауға және мәселенің мұқият әрі әдеппен тексерілуіне мүмкіндік береді.

Әріптестер тарапынан орын алған дұрыс емес әрекеттерге немесе балаға зорлық-зомбылық жасалуы мүмкін екеніне қатысты барлық алаңдаушылықтар туралы Мектеп басшысына хабарлау қажет. Мектеп басшысына қатысты шағымдар Басқарушылар кеңесінің төрағасына жіберілуі тиіс.

15. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ АЙЫПТАУЛАР

Қызметкерге қатысты айып тағылған кезде белгіленген рәсімдер сақталуы тиіс. Баланың толығымен жалған немесе қасақана айып тағуы сирек кездеседі, дегенмен оқиғаларды қате түсіну немесе дұрыс түсіндірмеу жағдайлары болуы мүмкін.

Сондай-ақ бала нақты кінәлі адамның атын атауға қорыққандықтан, кінәсіз адамға айып тағуы мүмкін. Соған қарамастан, кейбір мамандардың балаларға елеулі қауіп төндіруі мүмкін екенін мойындап, әрбір айыптауға сәйкес әрекет етуіміз қажет. Айып тағылған қызметкерлер өз ісінің әділ, жедел және бірізді қаралуына, сондай-ақ істің қаралу барысы туралы хабардар болып отыруға құқылы. Қызметтен уақытша шеттету әдепкі шара болып табылмайды және әрдайым оған балама шаралар қарастырылады. Кейбір жағдайларда балаларды қорғаудың ең тиімді тәсілі деп танылса, қызметкер жұмыстан уақытша шеттетілуі мүмкін.

Қызметкерлерге, соның ішінде DSL немесе DDSL қызметін атқаратын тұлғаларға қатысты айыптаулар туралы Мектеп басшысына хабарлау қажет. Мектеп басшысы болмаған жағдайда кез келген қызметкерге қатысты айыптаулар Басқарушылар кеңесінің төрағасына хабарлануы тиіс.

Мектеп басшысына немесе Басқарушылар кеңесінің мүшесіне қатысты айыптаулар Басқарушылар кеңесінің төрағасына хабарлануы тиіс.

Қызметкерлерге қатысты айыптауларды қараудың толық рәсімдері мен Ұлыбританияның нормативтік нұсқаулығы DfE-нің 2026 жылғы қыркүйекте жарияланған «Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (Keeping Children Safe in Education) құжатында берілген.

16. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ

Барлық қызметкерлердің зорлық-зомбылық пен қараусыз қалдырудың ықтимал белгілерін анықтауына және алаңдаушылық туындаған жағдайда қандай әрекет жасау керектігін білуіне мүмкіндік беретін оқытудан өтуі маңызды. Педагогикалық қызметкерлер онлайн оқыту материалдарына қол жеткізе алады және нақты модульдер бойынша тұрақты түрде оқудан өтуі тиіс. Барлық қызметкерлер жыл сайын бетпе-бет форматтағы оқудан өтеді.

- Жаңа қызметкерлер мен Басқарушылар кеңесінің мүшелеріне жұмысқа кірісу кезіндегі таныстыру бағдарламасы аясында мектептің балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қорғау саясаты мен рәсімдері, хабарлау және тіркеу тәртібі, қызметкерлерге арналған түрлі нұсқаулықтардағы кәсіби қағидалар, DSL-дің байланыс деректері түсіндіріледі және KCSIE құжатының бірінші бөлімінің көшірмесі беріледі;
- барлық қызметкерлер, соның ішінде Мектеп директоры мен Басқарушылар кеңесінің мүшелері, Ұлыбританиядағы және халықаралық деңгейдегі тиісті уәкілетті органдардың ұсынымдарына сәйкес үнемі жаңартылып отыратын оқудан өтеді және KCSIE құжатының кемінде бірінші бөлімін оқып шығуы тиіс. Заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес бұл оқыту мына тақырыптарды да қамтиды:
 - Мінез-құлық, марапаттау және салдарлар саясатына жалпы шолу;
 - білім беру үдерісінен хабар-ошарсыз кету жағдайлары (Кіші және Жоғары мектеп мәнәсінінде);
 - интернеттегі қауіпсіздік бойынша оқыту;
- DSL және DDSL балаларды қорғау бойынша кемінде екі жыл сайын жаңартылып отыратын оқудан өтеді. Халықаралық білім беру ортасының ерекшеліктеріне сәйкес бұл оқыту мекемелер арасындағы өзара іс-қимыл рәсімдері бойынша даярлықты да қамтиды;
- реттелетін қызметке қатысатын уақытша қызметкерлер, еріктілер, тағылымдамадан өтушілер және педагогикалық практикадан өтуші мұғалімдер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қорғау бойынша тұрақты оқудан өтеді;
- келушілер мен уақытша келген қызметкерлер әрдайым мектеп қызметкерінің бақылауында болады;
- басқа ұйымдар ұсынған барлық қызметкерлер мектептің рәсімдерімен, саясатымен, сондай-ақ DSL мен оның орынбасарларының байланыс деректерімен таныстырылады.

17. ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ

Мектеп DfE-нің 2026 жылғы қыркүйекте жарияланған «*Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету*» (*Keeping Children Safe in Education*) нұсқаулығын, мектептің ішкі саясаттары мен рәсімдерін, сондай-ақ мердігерлерге, жаттықтырушыларға, серіктестерге және басқа тұлғаларға қатысты рәсімдерді басшылыққа ала отырып, балалар үшін қауіпсіз қызметкерлерді жұмысқа қабылдау үшін бар күшін салады.

Қауіпсіз жұмысқа қабылдау аясында барлық үміткерлер:

- еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған өтініш нысанын толтырады;
- екі ұсыным берушінің байланыс деректерін ұсынады, олардың кемінде біреуі үміткердің балалармен жұмыс істеуге жарамдылығы туралы пікір білдіре алуы тиіс; ұсынымдардың кемінде біреуі ауызша түрде тексеріледі;
- жеке басын және біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынады;
- егер үміткер Ұлыбританияда жұмыс істеген болса, оның лауазымына қойылатын тиісті талаптарға сәйкес Ақпаратты жария ету және қызметке жібермеу қызметі (Disclosure and Barring Service — DBS) арқылы, ал басқа шетел азаматтары тиісті өзге ұйымдар арқылы тексеруден өтеді;
- педагогикалық қызметке үміткерлерге қатысты NCTL тыйым салу тізілімдері бойынша тексеруден өтеді;
- жұмыс визасын алу үшін Қазақстанда жұмыс істеу құқығын растайтын құжаттарды ұсынады;
- KCSIE 2026 талаптарына сәйкес интернеттегі ашық дереккөздер бойынша тексеруден өтеді;
- әңгімелесуден өтеді.
- Қауіпсіз жұмысқа қабылдау аясында мектеп сондай-ақ мыналарды қамтамасыз етеді:
- үміткердің лауазымдық міндеттерін орындауға психикалық және физикалық тұрғыдан жарамдылығы тексеріледі;
- әрбір іріктеу комиссиясының кемінде бір мүшесі қауіпсіз жұмысқа қабылдау бойынша оқудан өткен болуы тиіс;
- барлық жаңа қызметкерлер жұмысқа кірісу кезіндегі таныстыру бағдарламасынан өтеді. Бұл бағдарлама мектептің Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қорғау саясаты мен рәсімдерімен танысуды, сондай-ақ балаларды қорғау бойынша оқыту қажеттіліктерін анықтауды қамтиды;
- барлық қызметкерлер Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қорғау жөніндегі мінез-құлық кодексінің бір бөлігі болып табылатын тиісті саясат пен рәсімдердің көшірмесін алғанын қол қою арқылы растайды;
- уақытша қызметкерлерді ұсынатын агенттіктерден олардың қызметкерлері тиісті тексерулерден өткенін растайтын жазбаша құжат алынады.

Мектептің жұмысқа қабылдау рәсімдері туралы толық ақпарат Қауіпсіз жұмысқа қабылдау саясатында берілген.

Еріктілер және педагогикалық практикадан өтуші мұғалімдер

Еріктілер мен педагогикалық практикадан өтуші мұғалімдер, соның ішінде Басқарушылар кеңесінің мүшелері, мектептегі жұмысының сипатына және балалармен байланыс деңгейіне сәйкес тексеруден және тәуекелдерді бағалаудан өтеді.

Бақылаумен жұмыс істейтін еріктілер

Тек бақылаумен жұмыс істейтін және реттелетін қызметке қатыспайтын еріктілер мектептің тәуекелдерді бағалау рәсімі мен нормативтік нұсқаулықтарға сәйкес өз міндеттеріне сай қауіпсіз жұмысқа қабылдау тексерулерінен өтеді.

Мердігерлер

Мектеп аумағында жұмыс істейтін барлық мердігерлердің жеке басын тексереді және қажет болған жағдайда олардың полиция тексеруінен өткенін растайтын құжаттарды сұратады.

18. МЕКТЕП АУМАҒЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Haileybury Almaty – Esentai Mall кешеніне қарама-қарсы, тұрғын үй және коммерциялық нысандар салынып жатқан ауданда орналасқан, аумағы салыстырмалы түрде ашық кампус. Мектеп аумағына кіргеннен кейін оқу күні барысында мектеп ғимараттарының барлық бөліктеріне өтуге болады. Сондықтан мектеп қауымдастығының барлық мүшелері мектеп аумағының қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, рұқсатсыз кірген бөгде тұлғаларға қатысты қырағылық танытуы тиіс. Мектептің Қауіпсіздік қызметі аумақты бақылайды және қажет болған жағдайда Қауіпсіздікті бақылау орталығына тәулік бойы хабарласуға болады.

Мектепке келушілер, соның ішінде мердігерлер, негізгі қақпада тіркеліп, мойынбауға тағылатын келуші бейджін алуы тиіс. Барлық келушілерге балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі ақпарат беріледі. Келушінің мәртебесі мен келу мақсатына қарай оны мектеп қызметкері алып жүруі тиіс. Мектептегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық келушілер мектептің балаларды қорғау, еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау талаптарын сақтауы тиіс.

19. ҮШІНШІ ТАРАПТАРДЫҢ ПАЙДАЛАНУЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕН ТЫС ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Үшінші тараптардың мектеп нысандарын пайдалану тәртібі

Мектеп нысандары, әсіресе спорт нысандары, үшінші тараптарға жалға берілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда мектеп үшінші тарап өкілдерінің әрекеттерін бақылай алмайды және олардың іс-әрекеттері үшін жауапкершілік көтермейді. Дегенмен мектеп мүмкіндігінше үшінші тараптарда балаларды қорғау және қауіпсіз жұмысқа қабылдау бойынша тиісті рәсімдердің болуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ үшінші тараптарға мектеп аумағындағы кіруге тыйым салынған орындар туралы хабарланады.

Мектеп нысандарын пайдалануға рұқсат берілгенге дейін үшінші тарап мектепке өз ұйымының Балаларды қорғау саясатының көшірмесін ұсынуы тиіс. Балалардың қатысуымен іс-шаралар өткізетін барлық үшінші тараптар төмендегілерді растау үшін декларацияға қол қоюы тиіс:

- үшінші тарапта балаларды қорғау саясаты бар;
- үшінші тараптың қызметкерлері мен еріктілерін жұмысқа қабылдау кезінде қауіпсіз жұмысқа қабылдау рәсімдері сақталады;
- барлық қызметкерлер, еріктілер, тағылымдамадан өтушілер және педагогикалық практикадан өтуші мұғалімдер балаларды қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету рәсімдері бойынша тиісті оқудан өткен.

Ұйым мектеп нысандарын пайдаланып жатқан кезде мектеп аумағында балаларды қорғауға қатысты қандай да бір айыптау немесе оқиға орын алса, бұл туралы Мектеп басшысы мен DSL-ге хабарланады.

Мектеп нысандарын пайдаланатын үшінші тарап өкілінің зорлық-зомбылық жасағаны туралы айыптауды қарау тәртібі

Егер үшінші тарап ұйымындағы ересек адамға зорлық-зомбылық жасады деген айып тағылса, ұйымның балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты қызметкері бұл туралы оқиға болған немесе ақпарат жария етілген күні, не болмаса мүмкіндігінше тезірек Мектеп директорына немесе DSL-ге хабарлауы тиіс. Мектеп үшінші тараптан өзінің Балаларды қорғау саясатын сақтауды талап етеді. Мектеп нысандарын одан әрі пайдалануға рұқсат бермес бұрын, Мектеп басшысы тиісті шаралардың қабылданғаны туралы растауды талап етеді.

Басқа нысандағы балалар үшін жауапты сыртқы ұйымдар

Оқушыларымыз мектептен тыс іс-шараларға, соның ішінде бір күндік және түнеуді көздейтін сапарларға, сондай-ақ еңбек қызметіне байланысты іс-шараларға қатысқан кезде, мектептің Сапарлар саясатында көрсетілгендей, балаларды қорғау бойынша тиімді шаралардың қабылданғанын тексереміз.

Мектеп нысандарын сабақтан тыс уақытта жалға беру

KCSIE 2026 талаптарына сәйкес, мектеп аумағында балалармен жұмыс істейтін ұйымдармен мектеп нысандарын сабақтан тыс уақытта жалға беру туралы жасалатын шарттар [балалардың мектептен тыс ұйымдардағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықта](#) белгіленген талаптарға сай болуы тиіс. Сонымен қатар мектеп нысандары жалға берілген кезде баланың зиян шегу қаупіне ұшырауы мүмкін екенін көрсететін кез келген белгі немесе жағдай туралы G1 «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қорғау саясаты мен нұсқаулығына» сәйкес Бурсарға немесе мектеп қызметкеріне дереу хабарлау қажет.

Мектепте осы шарттарды жаңарту үдерісі басталды және бұл ұсыным толығымен орындалғанға дейін жалғастырылады.

Қабылдаушы отбасыларда тұратын балалар

Мектеп халықаралық алмасу сапары немесе спорттық тур барысында балалардың қабылдаушы отбасыларда тұруын ұйымдастыруы мүмкін. Мұндай жағдайда қабылдаушы отбасыларда тұрудың барынша қауіпсіз ұйымдастырылуын қамтамасыз ету үшін мектеп DfE-нің 2026 жылғы қыркүйекте жарияланған «Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (Keeping Children Safe in Education) құжатының C қосымшасындағы нұсқаулықтарды басшылыққа алады.

20. ФОТОСУРЕТКЕ ЖӘНЕ БЕЙНЕГЕ ТҮСІРУ

Балаларды суретке немесе бейнеге түсіретін не осындай материалдарды қарайтын адамдардың басым көпшілігі мұны ешқандай теріс пиғылсыз, түсінікті әрі орынды себептермен жасайды. Өкінішке қарай, кейбір адамдар балалардың бейнелерін түсіру немесе пайдалану арқылы оларға зиян келтіреді. Сондықтан біз тиісті қауіпсіздік шараларының болуын қамтамасыз етуіміз қажет.

Оқушыларымызды қорғау мақсатында біз:

- балалар мектепке қабылданған кезде мектептің Шарттары мен талаптары арқылы ата-аналардан оқушыларды фотосуретке және бейнеге түсіруге келісім аламыз;
- ерекше сипаттағы фотосуреттерді, мысалы, балалардың жарнамалық материалдарда немесе қызметкердің театрлық қойылымдар портфолиосында пайдаланылатын фотосуреттерін түсіруге ата-аналардың жеке келісімін аламыз;
- оқушылардың фотосуреттерін ақпараттық бюллетеньдерге, веб-сайтымызға және мектептің басқа да жарияланымдарына енгізу кезінде құрмет, ұқыптылық және сақтық танытамыз;
- балаларды өздері түсірілген қандай да бір фотосуретке немесе бейнематериалға қатысты алаңдаушылығы болса, бұл туралы бізге айтуға ынталандырамыз.

21. ИНТЕРНЕТТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ОҚЫТУ

Балалар ұялы телефондарды, планшеттер мен компьютерлерді күнделікті жиі пайдаланады. Бұл құрылғылар ақпарат пен ойын-сауық көзі, сондай-ақ қарым-қатынас жасау және білім алу құралы болып табылады. Алайда кейбір ересектер мен жастардың бұл технологияларды балаларға зиян келтіру үшін пайдаланатыны белгілі. Зиян келтіру қорлайтын немесе әдепсіз мәтіндік хабарламалар мен электрондық хаттар жіберуден бастап, балаларды жыныстық сипаттағы зиянды әңгімелерге, веб-камера арқылы суретке түсуге немесе бетпе-бет кездесуге тартуға дейінгі әрекеттерді қамтуы мүмкін. Бұған кейінгі уақытта өзекті болған жалған ақпаратқа, жаңылыстыратын мәліметтерге және қастандық теорияларына байланысты қауіптер де жатады. Prevent міндеттемесі мектептен осал адамдарды интернет немесе әлеуметтік желілер арқылы радикалданудан немесе экстремизмге тартылудан қорғауды талап етеді.

Мектептің интернеттегі қауіпсіздік саясаты Ақпараттық технологиялар саясатына енгізілген. Онда мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын шаралар түсіндіріледі. Балалардың мәтіндік хабарламалар мен электрондық пошта арқылы онлайн

буллинг жасауы және секстингпен айналысуы (жалаңаш немесе жартылай жалаңаш бейнелерді жасау немесе бөлісу) буллинктің кез келген басқа түрі сияқты елеулі қарастырылады және буллингке қарсы іс-қимыл рәсімдеріне сәйкес реттеледі.

Мектепте интернеттегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар қолданылады:

- **Цифрлық саясат:** ненің қолайлы және ненің қолайсыз екенін нақты белгілеп, барлық тараптардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Оқушылар әр оқу жылының басында және мектептің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарына қол жеткізбес бұрын осы саясаттың талаптарын сақтауға келісім беруі тиіс.
- **Жасанды интеллект саясаты:** мектепте жасанды интеллектіні пайдалану тәртібін сипаттайды және әсіресе ЖИ-ді пайдалануға қатысты мектептің жауапкершілігін белгілейді. Сонымен қатар KCSIE 2026 талаптарына сәйкес енгізілген соңғы жаңартулар аясында DfE-нің [«Генеративті ЖИ: өнім қауіпсіздігіне қойылатын талаптар»](#) нұсқаулығына сілтеме қосылды.
- **Таныстыру және оқыту:** мектепке келген кезде барлық балалар мектептің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын дұрыс пайдалану және осы саясаттың басқа да аспектілері бойынша таныстырудан өтеді. Сынып мұғалімдері мен Хаустьюторлары әр оқу жылының басында балаларға олардың міндеттері мен мінез-құлық кодексін еске салуы тиіс. Бұл талаптар PSHE бағдарламасындағы интернеттегі қауіпсіздікке арналған тақырыптар арқылы бекітіледі.
- **Мониторинг:** Цифрлық саясатта көрсетілгендей, мектеп компьютерлік жүйелердің пайдаланылуын бақылау құқығын жүзеге асырады. Бұл интернетті пайдалануды бақылауды, электрондық хаттарды тексеруді және орынсыз материалдарды кез келген уақытта жоюды қамтиды. Егер мектеп компьютерлік жүйенің рұқсатсыз пайдаланылып жатқанына немесе пайдаланылуы мүмкін екеніне, не жүйенің заңсыз мақсаттарда қолданылып жатқанына немесе қолданылуы мүмкін екеніне негізді түрде күмәнданса, тиісті органдарға хабарлау және құжаттық дәлелдерді ұсыну құқығын өзіне қалдырады. Компьютерлік желі мектептің меншігі болып табылады және оны оқушылар өз білімі мен түсінігін тереңдету және кеңейту мақсатында пайдалана алады.

Қызметкерлерге балалармен қарым-қатынас жасау кезінде әлеуметтік желілер мен электрондық байланыс құралдарын пайдалану жөнінде де ұсынымдар беріледі. Бұл ұсынымдар DfE-нің 2009 жылғы наурызда жарияланған *«Балалармен және жастармен жұмыс істейтін ересектердің қауіпсіз жұмыс тәжірибесі жөніндегі нұсқаулығына»* және мектептің Әлеуметтік желілер саясатына сәйкес келеді.

Осы стандарттардың енгізілуі мен тұрақты сақталуын қамтамасыз ету үшін Басқарушылар кеңесі мектеп бойынша бірқатар міндеттерді бөлді:

Мектеп директоры және DSL

- талап етілетін стандарттарды орындау үшін барлық қызметкерлердің өз міндеттерін атқаруын қамтамасыз етеді;
- сүзгілеу және мониторинг есептерін қарайды;
- интернеттегі қауіпсіздікке қатысты балаларды қорғау мәселелері туындаған жағдайда тиісті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етеді;
- Ұлыбритания үкіметінің цифрлық технологиялар саласындағы сүзгілеу және мониторинг жөніндегі нұсқаулығына сәйкес интернеттегі қауіпсіздікке жыл сайын шолу жүргізеді.

Цифрлық оқыту бөлімінің басшысы/Ақпараттық технологиялар бөлімі арқылы Жоғары басшылық тобы (SLT)

- сүзгілеу және мониторинг жүйелерін сатып алады;
- қандай материалдардың бұғатталатынына немесе рұқсат етілетініне қатысты шешімдер мен олардың себептерін құжаттайды;
- қолданылатын шаралардың тиімділігін бағалайды;

- есептерді қадағалайды және алаңдаушылық туындаған немесе жүйелер тексерілген жағдайда қажетті шараларды орындайды;
- қызметкерлердің:
 - өз рөлін түсінуін және тиісті оқудан өтуін;
 - саясаттарды, үдерістер мен рәсімдерді сақтауын;
 - хабарламалар мен алаңдаушылықтарға сәйкес әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Барлық қызметкерлер

- жеке әлеуметтік желідегі парақшаларының құпиялық баптауларын орнатуы және оқушыларды ешқашан мақұлданған байланыстар тізіміне қоспауы тиіс;
- оқушылардың әлеуметтік желідегі парақшаларын ешқашан пайдаланбауы немесе оларға кірмеуі тиіс;
- оқушыларға жеке байланыс деректерін, соның ішінде ұялы телефон нөмірін бермеуі тиіс;
- балалармен, мысалы, көшпелі сабақтар мен экспедициялар кезінде байланысу үшін тек мектеп ұсынған жабдықты, соның ішінде ұялы телефондарды пайдалануы тиіс;
- оқушылармен тек кәсіби мақсатта, мектеп саясатына сәйкес және мектептің электрондық пошта жүйесі немесе мектеп мақұлдаған өзге де байланыс арналары арқылы ғана хабарласуы тиіс;
- мәтіндік немесе әлеуметтік желілердегі хабарламаларды тек келісілген тәртіп аясында және басқа байланыс тәсілдерін пайдалану мүмкін болмаған кезде ғана қолдануға болатынын түсінуі тиіс;
- оқушыларға жеке хабарламалар жіберу үшін интернет немесе веб-негізіндегі байланыс арналарын пайдаланбауы тиіс.